

АНА ТІЛІ

ЖӘНЕ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ

1-бөлім

2

*Жалпы орта білім беретін мектептердің
2-сыныбына арналған оқулық*

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі баспаға ұсынған*

Жаңа басылым



ТАШКЕНТ – 2021

УУК 811.512.122(075.3)
КБК 81.2(5Каз)я72
А 14

Құрастырушылар:

Н. Абдувалитов, М. Байтураева, Б. Джулдибекова

Пікір жазғандар:

- А. Нисанбаева** – Низами атындағы ТМПУ доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты.
Г. Сулеева – Бектемир ауданы 290-мектеп бастауыш сынып оқытушысы.
З. Сарсенова – Төменгі Шыршық ауданы 12-мектеп бастауыш сынып оқытушысы.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:



Оқылым



Айтылым



Сұрақтар



Жазылым

Республикалық мақсатты кітап қорының қаржылары
есебінен басылды.

Оригинал макет және дизайн концепциясын
Республикалық білім орталығы жасады.

Ана тілі және оқу сауаттылығы 2-сынып [Мәтін]: оқулық / Н. Абдувалитов
[тағы басқ.]. 1-бөлім. – Ташкент: Республикалық білім орталығы, 2021. –
120 б.

ISBN 978-9943-7299-6-4

УУК 811.512.122(075.3)
КБК 81.2(5Каз)я72

ISBN 978-9943-7299-6-4

© Республикалық білім орталығы, 2021

Мазмұны

I тарау. Өзбекстан – менің Отаным

1-сабақ	Отан - ана	5
2-сабақ	Отан	6
3-сабақ	Ташкент	7
4-сабақ	Туған өлкем	9
5-сабақ	Ту	10
6-сабақ	Елтаңба	11
7-сабақ	Әнұран шырқалған тұста	12
8-сабақ	Мен не үйрендім?	13

II тарау. Мен, сен, ол және олар

9-сабақ	Мектеп біздің анамыз	15
10-сабақ	Мектеп	16
11-сабақ	Алғашқы қоңырау	17
12-сабақ	Құмырсқа мен Қарақоңыз	18
13-сабақ	Сапар мен парта	19
14-сабақ	Жыртық кітап жылады	21
15-сабақ	Сызғыш неге жылады?	22
16-сабақ	Кезекші	23
17-сабақ	Сыныпта	24
18-сабақ	Сабақтан кешіккен Уәли	25
19-сабақ	Бөтен «бестік»	27
20-сабақ	Асхана	28
21-сабақ	Мектеп асханасында	29
22-сабақ	Аспазшы	30
23-сабақ	Туған күн	30
24-сабақ	Туған күнді тойлайық	33
25-сабақ	Сыйлық	34
26-сабақ	Дастарқан басында	35
27-сабақ	Төр –сыйлы орын	36
28-сабақ	Біздің ауыл	37
29-сабақ	Туған жердің табиғаты	38
30-сабақ	Ізет	39
31-сабақ	Ата-баба дәстүрі	40
32-сабақ	Ат қою	41
33-сабақ	Атам менің	42
34-сабақ	Мен не үйрендім?	43

III тарау. Табиғат сыйы. Қорғалатын жануарлар

35-сабақ	Мейірімді аңшы	45
36-сабақ	Табиғаттың панасымыз	46
37-сабақ	Қызыл кітап	47
38-сабақ	Екі бұғы	48
39-сабақ	Тиін мен қасқыр	49
40-сабақ	Хайуанаттар бағында	50
41-сабақ	Жануар мен адам	51
42-сабақ	Түлкі мен қырғауыл	52
43-сабақ	Жануарлар баласын қалай атаймыз?	54
44-сабақ	Ен дәулет	55
45-сабақ	Геолог	56
46-сабақ	Мұнай	56
47-сабақ	Көмірдің кереметтері	58
48-сабақ	Құстар неге сөйлей алмайды?	59
49-сабақ	Қарлығаш	60
50-сабақ	Біздің қарлығаш	61
51-сабақ	Әдемі құс	62

52-сабақ	Сауысқан мен көкек	63
53-сабақ	Түйеқұс	64
54-сабақ	Қысқа дайындық	65
55-сабақ	Аю мен тышқан	66
56-сабақ	Қасқыр мен кірпі	68
57-сабақ	Мен не үйрендім?	69
IV тарау. Денсаулық - терең байлық		
58-сабақ	Бактериялар	70
59-сабақ	Бұл қызық	70
60-сабақ	Тәтті ұйқы, тәтті тамақ	72
61-сабақ	Денің сау болсын десең	73
62-сабақ	Денсаулық	74
63-сабақ	Демалыс	75
64-сабақ	Әлемнің ұлы дәрігері	76
65-сабақ	Әбу Әли ибн Синаның тапқырлығы	77
66-сабақ	Аппақ бала	78
67-сабақ	Өмір жасыңды ұзартқың келсе	79
68-сабақ	Таңғы шай	80
69-сабақ	Алтын, күміс – тас екен, арпа, бидай – ас екен	81
70-сабақ	Дәм	82
71-сабақ	Асқазан	83
72-сабақ	Түскі тамақ пен кешкі тамақ	84
73-сабақ	Түскі тамақ	85
74-сабақ	Әлемдегі ең пайдалы азықтар	86
75-сабақ	Қиялдағы алмалар	87
76-сабақ	Қарбыз	88
77-сабақ	Кішміш жүзім	89
78-сабақ	Бір сөреде Сусын ішу тәртібі	89
79-сабақ	Сусын ішу тәртібі	90
80-сабақ	Мен не үйрендім?	91
V тарау. Мамандығым-мақтанышым		
81-сабақ	Еңбектің бәрі мамандық	92
82-сабақ	Күн күлше	93
83-сабақ	Кәсіптер иесі	94
84-сабақ	Мырза мен темірші	95
85-сабақ	Ағаш ұстасы	97
86-сабақ	Ұтымды жауап	97
87-сабақ	Зергер	99
88-сабақ	Жұмыс	100
89-сабақ	Кішкене бағбан	101
90-сабақ	Ұшқыш	102
91-сабақ	Ғарышкерлер	103
92-сабақ	Мұғалім	105
93-сабақ	Мен дәрігер боламын	106
94-сабақ	Кім біледі шипасын	107
95-сабақ	Жедел жәрдем	108
96-сабақ	Фармацевт	109
97-сабақ	Құрылысшылар	111
98-сабақ	Көйлекті маған кім береді?	112
99-сабақ	Кім немен ойнайды?	114
100-сабақ	Мен таңдайтын мамандық	115
101-сабақ	Киіз үй	116
102-сабақ	Мен не үйрендім?	117

I ТАРАУ. ӨЗБЕКСТАН – ОТАНЫМ МЕНІҢ!

1-сабақ. Отан – ана



Отан! Әрбір адамның үйі, көшесі, ауылы бар. Ол – оның кіндік қаны тамған жері, кішкентай Отаны. Осындай кішкентай жерлерден үлкен Отан құралады. Сондықтан «Отан – отбасынан басталады», – дейді дана халқымыз. Неліктен біз Отан-ана дейміз? Әрбір адамның өз анасы болғаны сияқты, әр адамның өз Отаны да болады. Біз жарық дүниеге осы Отанда дүниеге келдік, осы Отанда өсіп, тәрбиеленеміз.

Міне, соның үшін де Отан-ана дейміз. Осы жердің қай бұрышында тусақ та, бүкіл Жер – біздің Отанымыз, туған еліміз!

Біз мақтанышпен:

– Отанымызды тәуелсіз Өзбекстан Республикасы! – деп айта аламыз. Өзбекстан – Орта Азияның орталығындағы күншуақты, кең байтақ өлке. Отанымыз – көп ұлтты мемлекет. Елімізде түрлі ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Әр ұлттың өз әдет-ғұрыптары сақталған. Өзбекстан біз үшін қасиетті мекен. Біз Отанымызды сүйеміз.



1. Мәтін не туралы?
2. Отанды сүю неден басталады?
3. Отан және Ана деген сөздердің мағынасында қандай ұқсастық бар?

Есте сақта!

Сөйлем сөздерден құралады. Сөз дыбыстардан құралады. Сөйлемнің бірінші сөзі бас әріппен жазылады.



1-тапсырма. Суретке қара. Мына сөздерді бір сөзбен қалай атаймыз? Мазмұнын түсіндіріп көр.



2-тапсырма. Нүктелердің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. ... Отаным – Өзбекстан Республикасы. 2. ... түрлі ұлт өкілдері жасайды. 3. ... – келешегі ұлы мемлекет. 4. ... сүй, қадірлеу, Отанына қызмет ету – әрбір азаматтың борышы.



2-сабақ. Отан

Отан деген –
Желбіретіп туларын,
Белін мықты буғаным.
Құрыштай бір бірігіп,
Ата жолын құғаным.
Отан деген –
Жақсыға бет бұрғаным,
Сән-салтанат құрғаным.
Ешкімнен де кем етпей
Бақыт сыйлап тұрғаным.
Отан деген –
Ұлы таулар – асқарым,



Мына ашық аспаным.
Алмаспаймын ешқашан
Отанына басқаның.
Мекембай Омарұлы



1. Өлең не туралы?
2. Осы өлең арқылы ақын не айтқысы келеді деп ойлайсың?
3. Отанды сүю үшін не істеу керек?
4. Отан сөзіне мағыналас сөздерді айт?



1-тапсырма: Туған жер туралы мақал-мәтелдерді оқы. Мағынасын түсіндір.

1. Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.
2. Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас.
3. Бөтен жердің гүлінен
Туған жердің тікені артық.



2-тапсырма: «Туған жер – алтын бесігім» тақырыбында эссе жаз.

3-сабақ. Ташкент



Отанымыздың астанасы – Ташкент қаласы. Ташкент Орта Азиядағы ең көне қалалардың бірі саналады. Тәуелсіздік жылдарында Ташкент қаласы заманауи қалаға айналды. Қалада көшелер кеңейді, үлкен көпірлер, аспанмен тірескен зәулім үйлер, түрлі ғимараттар, спорт кешендері, саябақтар, жер асты және жер үсті жолының жаңа бағыттары құрылды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында «Тәуелсіздік алаңы» құрылған еді. Қазіргі таңда «Хумо Арена» мұз сарайы, «Бес жұлдызды қонақ үйі», «Темурилер мұражайы», «Бунёдкор» спорт кешені сияқты заманауи ғимараттар және түрлі пішіндерді бейнелейтін су бұрқақтар қала көркіне көрік қосып, дүние жүзіндегі ең сұлу қалалар қатарынан орын алды. Ташкентте түрлі ұлт өкілдері жасайды. Сондықтан біз Ташкентті достық қаласы дейміз.

Ташкент қаласы – Өз бекстанның бас қаласы! Ол біздің мақтанышымыз! Ташкент – біздің орталық қаламыз!



1. Мәтін не туралы?
2. Тәуелсіздік жылдары Ташкентте қандай өзгерістер болды?
3. Неліктен достық қаласы дейміз?



1-тапсырма. Ташкент қаласындағы өзгерістер жайлы айт? Сен Ташкентте болдың ба? Сен онда не көрдің? Саған не ұнады?

Бұл – күндізгі Ташкент.



Бұл – түнгі Ташкент.



Дыбыстар әріптермен таңбаланып жазылады.
Дыбыстарды естиміз, айтамыз. Әріптерді көреміз,
жазамыз.



2-тапсырма. Мәтінді көшіріп жазып, жуан дауысты дыбыстардың астын бір, жіңішке дауысты дыбыстардың астын екі сызықпен сыз.



Ташкент қаласындағы Хумо Арена мұз сарайы өте үлкен. Оның ішіне он төрт мың көрермен сияды. Ол көп тармақты алаң болып, мұз үстінде хоккей, шорт-трек, фигуралы ұшу сияқты қысқы спорт түрлері және бокс, волейбол тағы басқа спорт ойындарын ұйымдастыру мүмкін.

Дауысты дыбыстарды айтқанда, іштен шыққан ауа кедергіге ұшырамай еркін шығады. Дауысты дыбыс әріптері: *а, ә, е, ё, и, о, ө, ұ, ү, (у), ы, і.*

Жуан дауысты дыбыстар: *а, о, ұ, (у), ы.*

Жіңішке дауысты дыбыстар: *ә, е, ё, и, ө, ү, (у), і.*

Дауысты дыбыстар буын құрайды: *О-тан, а-на, ме-кен.*



4-сабақ. Туған өлкем

Көгінде күн нұрын төккен,
Жерінде гүл жұпар сепкен.
Неткен сұлу, неткен көркем,
Осы менің туған өлкем.

Алтын дәнді даласы бар,
Ақ күмістей қаласы бар.
Неткен сұлу, неткен көркем,
Осы менің туған өлкем.

Түлігі өскен алуан-алуан,
Төс алқабы малға толған.
Неткен сұлу, неткен көркем,
Осы менің туған өлкем.

Ө. Тұрманжанов




1. Өлең не туралы?
2. Өлеңнен негізгі ойды тап?
3. Сенің туған өлкең қандай?




1-тапсырма. Сөзжұмбақтан жасырынған сөзді тап.

1. Қалың ағаш өсетін нулы жер?
2. Отбасы мүшесі?
3. Ел сөзіне мағыналас сөз?
4. Мемлекеттік рәміздің бірі?





2-тапсырма. Өлең мазмұнын негізге ала отырып, туған жерге тән белгілерді кластер түрінде жаз.



5-сабақ. Ту

Отаным беріп тілекті,
Мәз-мейрам болған бала сан.
Мақтаныш билер жүректі,
Жалауым саған қарасам.
Тәуелсіздікте туып ең,
Сен қымбат және сен дүрсің.
Барша бір елдің туымен
Терезесі тең тұрсың.
Биіктен ғана көрін де,
Бірлігі елдің жеңді де.
Отанның мәңгі төрінде
Желбіре, Туым, желбіре!

Мекембай Омарұлы



1. Өлең не туралы?
2. Ақын ел туын неге теңейді?
3. Өлеңдегі мағыналас сөзді тап?
4. Еліміздің туы қашан қабылданған?



1-тапсырма. Суретке қарап, еліміздің туындағы белгілер қандай мағынаны білдіретінін айт.



2-тапсырма. Берілген сөйлемдерге қажетті сөздерді қойып көшіріп жаз.

Өзбекстан Республикасының мемлекеттік 1991 жыл 18 қарашада қабылданған. Туда көлденең көгілдір,, жасыл және екі жолақпен бөлінген рең бар. Сондай-ақ, және он екі қатар бұрышты жұлдыздар жоғарғы көк жолақтың сол жағында орналасқан.

Қажетті сөздер: ақ, бес, қызыл, туы, жарты ай.



6-сабақ. Елтаңба

Күн көзіндей ұл-қызың,
Қуанышты анам да.
Сегіз қырлы жұлдызың,
Жарқырасын әманда.
Тауыңдағы бұлақ та,
Тауып аққан арнасын.
Жалын құстың бірақ та,
Қанаттары талмасын.
Гүл, ағаштар жайқалған,
Тау мен сай да - тынысың.
Ақ мақтамен жайқалған,
Ақ бидайың – ырысың.
Отанымның кеңдігін,
Шырқатамын таласа.
Елтаңбамда - ерлігім,
Елтаңбам қандай тамаша!



Мекембай Омарұлы



1. Өлең не туралы?
2. Ақын өлеңіндегі елтаңба мен суреттегі елтаңбаны салыстыр.
3. Елтаңбада тағы қандай белгілер бар?
4. Еліміздің елтаңбасы қашан қабылданған?

І дыбысы – жіңішке дауысты дыбыс және ол сөздің барлық буындарында кездеседі.

Ы дыбысы жуан дауысты дыбыс. **Ы** дыбысы сөздің барлық буындарында жазылады.



1-тапсырма. Суреттегі дыбыстарды айтып көр. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықта.



2-тапсырма. Көп нүктенің орнына **ы, і** әріптерінің тиістісін қойып, сөздерді көшіріп жазыңдар.

Күн көз...ндей ұл-қ...з...ң,
Қуан...шт... анам да.
Сег...з қ...рл... жүлд...з...ң
Жарқ...рас...н әманда.



7-сабақ. Әнұран шырқалған тұста

Аралда Нұрмаш,
Оралда Құрмаш –
Түйеде бір құрдас.
Таразда Олжас,
Таласта Қолдас –
Ісімен үлгі
Сап түзер жолдас.



Әнұран қыста
Шырқалған тұста,
Қол қойып тұрдық
Дәл жүрек тұсқа!
Мекембай Омарұлы



1. Өлең не туралы?
2. Өлеңге қатысушыларды ата?
3. Өлеңдегі «құрдас», «жолдас» сөздерінің мағынасын аш?
4. Еліміздің әнұраны қашан қабылданған?
5. Әнұранды қалай айту керек?



1-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді тап.

Ел елдің бәрі жақсы, өз елің . . . жақсы.
Тұған жердің жері де . . .
Елі де



2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып жазыңдар.

...нұран, ...лтаңба, ...у, р...міздер. Б..лар бізді...
мақтан...ш...мыз.



8-сабақ. Мен не үйрендім?




1-тапсырма. Сөзжұмбақты шеш.

1. Отанымыз
2. Біздің ұлтымыз
3. Мемлекеттік рәміз
4. Мемлекет басшысы
5. Еліміздің астанасы
6. Негізгі заң
7. Жер асты жолы

8. Рәмізде бейнеленген құс

9. Ас атасы



2-тапсырма. Берілген дыбыстарды өз тобына жаз.

а, ә, е, ё, и, о, ө, ұ, ү, (у), ы, і.

Жуан дауысты дыбыстар:

Жіңішке дауысты дыбыстар:



3-тапсырма.

Мемлекеттік , , әнұран авторларының аты-жөнін дәптеріңе жаз.

II ТАРАУ. МЕН, СЕН, ОЛ ЖӘНЕ ОЛАР



9-сабақ. Мектеп – біздің анамыз

Күзге сүйеп күн иек,
Болып қапты қыркүйек.
Қыrmанды жұрт алыпты,
Дәнге батып қалыпты.
Жемістер де пісіпті,
Жерге үзіліп түсіпті.
Шөп буыны қатыпты,
Шөмелені ел тасыпты.
Межелі кез болыпты,
Мектеп есік ашыпты,
Күн сәулесін шашыпты.
Мектебін аңсап, сағынып,
Балалар келер ағылып.
Ашылған гүлдей арайлы,
Көшенің бәрі қарайды.
Ықылас, ынта раймен,
Ерекше жарқын шыраймен,
Жүздері жайнап қуанып,
Шоқ-шоқ қызыл гүл алып,
Мектебіне келеді.



Өтебай Тұрманжанов



1. Өлең не туралы?
2. Өлеңде күз мезгілі қалай сипатталған?
3. Күз мезгілінде табиғатта тағы қандай өзгерістер болады?
4. Балалар неге қуанды?

Сөздікпен жұмыс:

Шөмеле – шошайтып үйілген шөп.

Қырман – астық бастыратын ашық алаң.

Межелі кез – мөлшерлі уақыт.



1-тапсырма. Диалогты жалғастыр.

– Сен таңертең нешеде тұрасың?

Мен сағат тұрамын.

– Сен түске дейін қайда барасың?

Мен барамын.

– Сен түсте не істейсің?

Мен түсте

– Сен түс қайта не істейсің?

Мен



2-тапсырма. Мен, ол, сен және олар сөздерін қатыстыра отырып, сурет бойынша сөйлем құрастыр.



10-сабақ Мектеп



«Мектеп» деген сөз араб тілінен шыққан. Бұл сөз «оқу орны» деген ұғымды білдіреді. Менің оқу орным өте үлкен және төрт қабатты. Сынып жетекшім де өте жақсы мұғалім.

Онда оқушыларға арналған ереже бар: жақсы оқу, тәртіпті, үлгілі болу. Бұл ережені ұстану менің де басты міндетім болып табылады. Мен өз мектебімді мақтан тұтамын.



1. Мәтін не туралы?

2. Мектеп ережесіне қандай ереже қосқан болар едің?

3. Оқып жүрген мектебің саған ұнайды ма?

4. Сенің мектебің несімен ерекшеленеді?



1-тапсырма. Мектепте кімдер жұмыс істейді. Суретке қарап олар туралы әңгімеле. Суреттегі артықша кәсіп иелерін айт.



У әріпі дауыссыз дыбыстан кейін келсе, дауысты дыбысты таңбалайды: су, ну, жу-сан, су-са-мыр.



2-тапсырма. Берілген сөз тіркестерінен пайдаланып, өз мектебіңнің ережесін жаз және **у** дыбысының астын сыз.

Мектеп оқушылары, мектептің ережесіне, ішкі тәртіп, мектеп формасын киюге, міндетті түрде бағынуға, себепсіз қалмауға, кешікпей келуге, үйірмелерге қатысуға.

11-сабақ Алғашқы қоңырау



Жаңа оқу жылы екінші қыркүйектен басталады. Біз бұл күнді асыға күтеміз. Ұстазымызды, достарымызды көріп қатты қуанамыз. Сол күндегі алғашқы қоңыраудың дауысы құлағымызға жылы тиеді. Кең, жарық және тап-таза сынып бөлмесі бізді құшақ жая қарсы алғандай болады.



1. Мәтін не туралы?
2. Балалар оқу жылын неліктен асыға күтеді?
3. Сынып бөлмесі қандай болу керек?



1-тапсырма. Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Менің інім Негеш сияқты көп білгісі келетін, сұрақтарды көп қоятын бала. Бүгін мені сұрақтардың

астына алды: «Сынып деген не? Сенің сыныптастарың кімдер? Мектепте сабақ беретін кісіні кім дейді?». Мен сұрақтарға бірден жауап бере алмай тосылып қалдым. Сен қалай жауап берер едің?

И дауыссыз дыбыстан кейін жазылады: жидек, сипалау.



2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тисті сөздерді қойып көшіріп жаз және **и** әрпінің астын сыз.

Мынау – менің Ол таза, жарық және Менің өзіме ұнайды. Бұл менің – Олар, әдепті. Менің сыныбымда ұл бала, қыз бала оқиды. Олар ақылды, Мен сыныптастарымды көремін.

Қажетті сөздер: жақсы, мектебім, кең, сыныбым, тәртіпті, оқымысты, жеті, тоғыз, сыныптастарым.

12-сабақ. Құмырсқа мен Қарақоңыз




Құмырсқа мен қоңыз бір сыныпта оқиды. Құмырсқа күнде бестік алып, Қарақоңыз екі ала беріпті.

Қарақоңыз Құмырсқадан:

– Сенің жақсы оқуыңның сыры неде? – деп сұрапты.

– Оның сыры – уақыт кестесінде.

Қарақоңыз өзінің уақыт кестесін жасайды. Қалай жасаса да, уақытын ойынан арылта алмапты. «Құмырсқа ойынға жетпеген уақытты сабақ дайындауға қалай жеткізіп жүр екен» – деп таңданып.





1. Мәтін не туралы?
2. Құмырсқаның беске оқуына себеп неде?
3. Қарақоңыз неліктен уақыт кестесін дұрыс жасай алмады?
4. Сен өз уақыт кестенді қалай жасайсың?



1-тапсырма: Әңгімедегі қатысушыларды ата. Олардың пайдасы туралы айт.



2-тапсырма. Суретке қарап «Уақытты бағалаған озады» тақырыбында эссе жаз.



13-сабақ. Сапар мен парта

Бір күні мен,
 Сыныпқа кіріп ем.
 Сапарға көзін аларта
 Көтерді басын бір парта.
 Жан-жағына қарап қойып,
 Ернін кезек жалап қойып,
 Сөйлеп кетті асырмастан.
 Болған істі жасырмастан:
 – Есіктен күзде аттап едім,
 Онда өзім аппақ едім.
 Сапар келіп жайғасты.
 Содан бірер ай да асты;
 Кітабын, басқа керегін,
 Кеткенше сақтап беремін.
 Сонда да тыныш қоймады,
 Бетімді сызып ойнады.
 «Сапар» деп жазды өз атын,
 Болдым әбден тозатын.
 Айта берсем – масқара-ақ,
 Дәл желкемнен ұстап ап,



Есіктен төрге сүйретті,
Сүйегімді күйретті...

* * *

Сөйлемей парта көп артық,
Қарады көзін алартып.
Үнсіз қалды Сапар да
Сол жерде мұрнын бір тартып.

Адырбек Сопыбеков



- 1.Өлең не туралы?
- 2.Парта неліктен Сапарға ренжіді?
- 3.Қалай ойлайсың, Сапар өз кінәсін мойындады ма?
- 4.Партаның ішкі сезімін білдіру үшін өздігінен сөйлеп кеткен жерін тауып оқы?
- 5.Сапардың орнында болғанда не істейтін едің?

Есте сақта: Мектеп мүлкін күтіп ұста, партаға сызба, партаны бүлдірме, орындықты ырғытпа, шкафтың есігін жай ашып, жай жап, кабинет есігін қатты жаппа, партаны күтіп ұста, аптасына бір рет партаны тазалап сүрт.



1-тапсырма. Суреттегі артықша затты тап. Сынып жиһаздары не үшін қажет екендігін айт.





2-тапсырма. Суретке қарап «Біздің сыныпта» деген тақырыпта эссе жаз.



14-сабақ. Жыртық кітап жылады

Әр беті сатпақ-сатпақ,
 Сірескен шимай-шатпақ.
 Алба-жұлба жыртық кітап,
 Өзіне қарап, жадап, жұтап,
 Ашу қысып, ызаланып,
 Иесіне бұрылып, назаланып:
 – Ей, оқушы балам! – деді,
 – Қарашы өзің маған! – деді,
 – Жап-жаңа сүйкімді кітап едім,
 Білім бұлағы – саған, – деді,
 Бірінші тоқсанға жетпей,
 Азырақ сыйлап, құрмет етпей,
 Белшеден кірге батырдың,
 Қолға алғысыз болып жатырмын.
 Мұқабамды мылжа-мылжа қып жырттың,
 Бетіме білеудей қолыңды сүрттің.
 Қаламыңмен тесіп, түртіп,
 Шұрқ тесігімді шығардың,
 Бұл қорлыққа қалай шыдармын?
 Саған қызмет етуден басқа ниетім жоқ,

Бирақ жұртқа қарар бетім жоқ.
Ойланшы өзің балам!
Не жазығым бар саған? – деп,
Ызалы жыртық кітап жылады.

Ө. Тұрманжанов



1. Өлең не туралы?
2. Кітап неге жылады?
3. Кітапты жылатқан балаға қандай ақыл айтар едің?
4. Өзің кітапты қалай ұстайсың?



1-тапсырма. Жұмбақтардың шешімін айт.

Парағы бар сөйлейтін.
Ол қазына өлмейтін.
Көп әңгіме өлеңім,
Күнде ақыл беремін.
Жақсы көрсе мені кім,
Соған тиер көмегім.

И әрпі сөз басында жазылады: игі, ибалы.



2-тапсырма. И әріпі қатынасқан сөздерді жаз.

15-сабақ. Сызғыш неге жылады?



Сабақ бастала беріп еді, Саматтың сызғышы жылап қоя берді.

– Жылағаның қайсың? – деді мұғалім.

– Менің сызғышым, – деді Самат.

– Сызғыш, сен неге жылайсың? – деп сұрады мұғалім.

– Мен қалай жыламайын, Самат мені сындырды – деп, сызғыш қайтадан жылай бастады.



1. Мәтін не туралы?
2. Сызғыштың жылау себебін айт?
3. Саматтың іс-әрекеттін мақұлдайсың ба?
4. Сызғыш бізге не үшін қажет екенін айт?



1-тапсырма. Суреттегі оқу құралдарын ата және олар не үшін қажет екенін айт?



Й дыбысы дауыссыз дыбыс, дауысты дыбыстан соң жазылады: қайшы, қарағай.



2-тапсырма. Буындардан сөз құрастыр

сый қай
шы лық лау лай ды



16-сабақ. Кезекші

Сынып іші айнадай,
Шаң мен тозаң ұшпайды.
Үзілісте ойнамай,
Кіршіксіз қып ұстайды.

Сынып тұрса жарқырап,
Жақсы ұғасың сабақты.
Алғыс айтар әркім-ақ,
Кезекшіге талапты.

М. Әлімбаев



1. Өлең не туралы?
2. Сен кезекшінің міндетін білесің бе?
3. Өлеңді мәнерлеп оқы.



1-тапсырма. Суретке қара. Үзіліс кезінде балалар не істеп жүр? Олардың іс-әрекеті дұрыс па? Үзіліс кезіндегі тәртіп ережесін айт.



2-тапсырма. Суретке қара. Алдымен, содан соң және соңында сөздерінен пайдаланып «Мен кезекшімін» тақырыбында мәтін құрап жаз.



17-сабақ Сыныпта



Сыныпта сөздік диктанты жүріп жатқан. Санат соңғы сөзі жазып болып, қайта оқып шықты. Сызғыш деп ішінен бірнеше рет қайталады. Дұрыс жазылғандығына сене алмай отыр.

Көрші отырған Сәуленің дәптеріне қарап еді, сызғыш деп жазыпты. Солай түзетіп қойды да, алдыңғы партада отырған Сәкеннің дәптеріне мойын созды. Ол сызғыс деп жазыпты.

«Әй, осының жазғаны дұрыс болар» деп ойлаған Санат ш әрпін с-ға бір-ақ түзетті.

Келесі күні мұғалім:

– Өз біліміне сенбей, жұртқа жалтақтаған Санат бір сөзден екі қате жіберді – деп, хабарлады.

Оқушылар ду күлді.

Содан бері Санат басқаның дәптеріне қарауды қойды.

«Балдырған» журналы



1. Мәтін не туралы?
2. Санат неге өзіне сенбеді?
3. Санаттың өзгенің дәптеріне қарауы дұрыс па?
4. Сен Санаттың орнында болғаныңда не істейтін едің?
5. Сызғыш, сыжғыш, сыжғыс қайсысы дұрыс?



1-тапсырма. Суретке қара. Суреттен Санат пен Сәулені тап? Оларды қалай таныдың?



2-тапсырма. «Попус формуласы» әдісі негізінде мәтін мазмұны бойынша өз пікіріңді дәлелдеп жаз.

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша».

Екінші сөйлем. «Себебі мен оны деп түсінемін».

Үшінші сөйлем. «Оны мен мына мысалдармен дәлелдей аламын».

Төртінші сөйлем. «Осыған байланысты мен деген шешімге келдім».

18-сабақ. Сабақтан кешіккен Уәли



...Уәли бүгін сабақтан тағы қалып қойды. Бұл жолы кешіккен себебін қалай айтарын білмей сасып келеді. Өткендегідей есікті баяу ашып ішке кірді. Басын жоғары көтеруге қаймығып, екі иығы салбырап, үнсіз босағада тұр.

— Ана жолы кешіккеніңді сағаттан көрдің. Ал бүгінгі кешіккеніңді кімнен көресің?

– Біздің үйде бала мысық бар... – деді, ол басын көтерместен жыламсырап.

– Немене таң атпай мысықпен ойнадың ба?

– Жоқ, апай, бәтеңкемнің бір сыңарын мысық шкафтың астына апарып тастапты. Өрең тауып алдым, – деді көзінің жасы мөлтілдеп.

– Орныға отыр. Тақтадағы берілген тапсырманы орында.

А.Хамзеұлы



1. Әңгіме не туралы?

2. Уәлидің жауабында жалғандық бар ма?

3. Уәлидің орнында болсаң, сен қалай жауап берер едің?



1-тапсырма. «Попус формуласы» әдісі негізінде мәтін мазмұны бойынша өз пікіріңді дәлелде.

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша».

Екінші сөйлем. «Себебі мен оны деп түсінемін».

Үшінші сөйлем. «Оны мен мына мысалдармен дәлелдей аламын».

Төртінші сөйлем. «Осыған байланысты мен деген шешімге келдім».

Я әрпі й+а сияқты қос дыбыстың орнына қолданылады: таяқ, сия.

Я әрпі сөздің басында, ортасында және соңында қолданылады.

Ю әрпі й+у сияқты қос дыбыстың орнына қолданылады: аю, қию, көркею.



2-тапсырма. Берілген сөздерден сөйлем құрастыр.

Қия дәптер, ұста. Төгілмесін дәптер, сия. Әлия қыз әдемі. Япыр-ай біздің кезекші Болат жақсы атқарады. Ою-өрнек әдемі.

19-сабақ. Бөтен «бестік»



...Ертеңіне Азат мектепке ертерек келді. Нұргүл аулада гүлдерге су құйып жүрген.

– Әкел шелегіңді, мен су әкелейін, – деді.

Нұргүл қуана: сен не гүлге су құю үшін ерте келдің бе? – деді. Азат әдеттегідей аулаға енісімен өзінің бұрымынан тартып, шелектегі суын ақтарып кетер деп ойлаған.

– Нұргүл, екеуміз жай ауыстырайықшы, сен терезе жаққа отыр, мен сенің орныңа

– Неге?

– Көше жақ алаңдата береді, сен сабырлысың ғой. Сыртқа көп қарай бермейсің.

– Ә-ә... Онда дұрыс солай-ақ болсын. Шынында терезеге көп алаңдайтыныңды мен де байқағанмын.

Екінші сабақта мұғалима бақылау жұмыстарын үлестірді.

– Азат, бұл жолы жарадың! Есепті дұрыс шығарыпсың, өте жақсы. Осы бетіңнен қайтпа!.. – деді мұғалима.

– Кәні, шынында да сен жақсы бола бастадың, деп сыбырлады Нұргүл. Азаттың дәптерін көріп, селк ете түсті де: мынау сенің қатарыңның есебі емес қой, – деп сыбырлады.

– Әй, қойшы, бәрі бір емес пе?

– Жо-жоқ. Сен алдапсың. Орныңды сол үшін ...

Нұргүл мұңайып отырып қалды. Ол шын қуанып еді.

«Қазір апайға айтатын шығар», деп ойлады Азат.

– Апай, мына «бестік» менікі емес. Мен кеше ... Нұргүлдің шығарған қағазынан көшіріп алғанмын...

Мұғалима көзілдірігінің үстінен Азатқа қадала қарап қалды.

«Балдырған» журналынан



1. Ғәңгіме не туралы?
2. Нұргүл Азаттың әрекетіне неге сенімсіздікпен қарады?
3. Оның есепті шешудегі іс-әрекетін мақұлдайсың ба?
4. Азат қатесін мойындағаны дұрыс па?



1-тапсырма. Өлеңді оқы. Мазмұнын түсіндір.

«1» дегенім – жаман баға,
Алады оны жаман бала.

«2» дегенім – нашар баға,
Інішегім нашарлама.

«3» дегенім – орта баға,

Сапасы да орта ғана.

«4» дегенім – жақсы баға,
Алады оны жақсы бала.

«5» дегенім – үздік баға,
Оқитын бол үздік қана.



2-тапсырма. Жұмбақтың шешуін тап.

Мектептің алтын орағы,
Зейінділер одағы.
Жақсы көрер бар бала,
Зерекке дос ол дағы. (...)

Жалқаумен бір жүретін,
Құдды қармақ ілетін.
Жоламайды зерекке,
Сабақтарын білетін. (...)



20-сабақ Асхана

Біздің бұл мектепте
Бар әсем асхана.
Бар онда аспазшы
Ақ көңіл жақсы аға.

Әлде май, құймақ па?
Борщ па, сорпа ма?
Әлде бал, қаймақ па?
Тұрады ортада.



Тәп-тәтті тағамы
Ағай ас маманы.
Пісіре білгенге
Астың жоқ жаманы.


Қ. Ыдырысов



1. Өлең не туралы?
2. Мектеп асханасында қандай тағамдар бар екен?
3. Өлеңдегі «Астың жаманы жоқ» дегенді қалай түсінесің?



1-тапсырма. Сөзжұмбақтағы жасырынған сөзді тап. Ол туралы не білетініңді айт.



2-тапсырма. Суретке қарап пайдалы және зиянды тағамдарды ажыратып екі бағанға жаз.



21-сабақ. Мектеп асханасында



Мектебімізде үлкен асхана бар. Асхана іші кең және таза. Асханада тамақтану ережелеріне амал жасауды сынып жетекшілері үйретеді. Асхана қабырғаларына да гигиена және әдеп сақтау туралы ережелер жазылған.

Мектеп асханасында палау, сорпа, самса және бәліш сияқты дәмді тағамдар жасалады. Асханадағы аспаз апайлар да өте мейірімді. Оқушылар түскі үзілі-

сте асханаға тамақтануға барады. Оқушылар кезекке тұрып, өздеріне ұнаған тағамдарын алып жейді. Бүгін түскі үзілісте Бауыржан асханаға барды. Ол жерде адам көп екен. Кезекте тұрғандардың арасына кимелеп кіріп кетті. Кезекте тұрғандар реніш білдіріп, Бауыржанға жаратпаған кейіп танытты. Бірақ Бауыржан түк естімегендей тұра берді. Бауыржанның орнында сен болсаң, не істер едің?



1. Өңгіме не туралы?
2. Асханаға кіруден алдын не істеу керек?
3. Бауыржанның іс-әрекетін мақұлдайсың ба?



1-тапсырма. Суретке қарап ретімен мәтін құрастыр.



2-тапсырма. Мәтінді көшіріп жаз.

Мейіргүл апай мектепте аспазшы. Оның өз қолымен жасаған тағамдары өте дәмді болады. Тамақтанып болған соң «Дәмді асыңызға рақмет!» – дейміз. Аспазшы «Ас болсын!» – деп сүйсініп қалады.

22-сабақ Аспазшы



Аспазшы сәбіз, орамжапырақ, картоп, қызанақты ұсақтап турайды. Туралған көгөністерден дәмді тағамдар даярлайды. Оларды турағанда аспазшының қолы қолына жұқпайды.

Мен:

– Қалай тез турайсыз? – деп сұрадым.

Аспазшы:

– Әр іс көп жаттығуды талап етеді ғой, – деп жауап берді.



1. Мәтін не туралы?

2. Мұғалімнің көмегімен мәтіннің соңғы сөйлемінің мағынасын түсіндіріп көр.



1-тапсырма. Ребустарды шеш. Олардың пайдасы туралы айт.



К



М



2-тапсырма. Жаңылтпашты көшіріп жаз және жатқа айт.

Біздің аспазшы да,
Жақсы аспазшы.
Сіздің жас аспазшыңыз да,
Жақсы аспазшы.



23-сабақ. Туған күн

Туған күнім – бақ күнім,
Туған күнім – шат күнім.
Сыйлайды дос, құрбылар

Қызыл гүлін, ақ гүлін.
 Туған күнім – шуақ күн,
 Жылда келер бір-ақ күн.
 Көңілді күй тербейді
 Сылдырындай бұлақтың.
 Аспаным да кеңейді,
 Достарым да көбейді.
 Туған күнді бір тойлап,
 Қуанышқа бөлейді.
 Туған күнім бір басқа,
 Жылжып келген жыл басқа.
 Былтырғыдан есейіп,
 Өсіп қалдым бір жасқа.

Әбідрахман Асылбек



1. Өлең не туралы?

2. Туған күн жылына неше рет болады?

4. Сенің туған күнің жылдың қай мезгілінде болады?

5. Сен туған күніңді қалай тойлайсың?



1-тапсырма. Суретке қара. Туған күні болып жатқан баланы көрсет? Сен неге солай деп ойлайсың?



Айтқанда кедергіге ұшырап шығатын дыбыстарды **дауыссыз дыбыстар** дейміз. Дауыссыз дыбыстардың үш түрі бар:

Қатаң дауыссыз дыбыстар: **п, с, т, к, қ, х, ф, ц, ш, ч, щ.**

Ұяң дауыссыз дыбыстар: **б, в, г, ғ, д, ж, з, һ.**

Үнді дауыссыз дыбыстар: **л, р, й, м, н, ң, у(у).**



2-тапсырма. Құттықтау сөзін көшіріп жаз. Достарыңның туған күнінде осылай тілек білдіруге бола ма? Тыныс белгілеріне зер сал. Дауыссыз дыбыстардың астын сыз.

Қымбатты досым, Сара!

Сені туған күніңмен шын жүректен құттықтаймын. Саған ұзақ өмір, мықты денсаулық тілеймін! Әрқашан оқуда озат, еңбекте алда бол!

Тілек білдіруші досың Жанар.



24-сабақ. Туған күнді тойлайық

Бүгін, біздің, балалар,
Туған күнгі тойымыз.
Бәріміздің барабар
Ертең тағы сабақ бар,
Оқуды да ойлайық.
Сәби едік кеше біз,
Жігіт болып өсеміз.
Мұхиттарды кешеміз,

Бойымыз бен ойымыз.
Кел, балалар, ойнайық,
Туған күнді тойлайық.
Көк әлемін кеземіз.
Кел, балалар, ойнайық,
Туған күнді тойлайық.
Ертең тағы сабақ бар,
Оқуды да ойлайық.

Әбдірахман Асылбек



1. Өлең не туралы?
2. Ақын балаларға қандай өсиет айтады?
3. Сен туған күніңді кімдермен тойлайсың?



1-тапсырма. Диалогты жалғастыр.

- Сәлем, Маржан.
- Сәлем.
- Оқуларың жақсы ма?
- Жақсы.
- Сенің туған күнің қай кезде болады?
- ...
- Туған күніңді достарыңмен тойлайсың ба?
- ...



2-тапсырма. Суретке қара. «Туған күн» тақырыбында мәтін құрастыр. Қатаң дауыссыз дыбыстардың астын сыз.



25-сабақ. Сыйлық



Бүгін – Маржанның анасының туған күні. Маржан жыл сайын анасына әтір немесе гүл шоғын ұсынатын. Ақшаны анасы беретін. Ал бүгін ешкімнен ақша аламады. Түсті қағаздардан гүлдерді қиып, қағазға жабыс тырды. Анасына деген құттықтау тілегін жазды.

Кешкісін үй іші мерекелік дастарқан басына отырды. Бәрі туған күн сыйлықтарын бере бастады. Маржан сыйлығын ұсынуға ұялып, жыламсырап қалды. Осы кезде қызына анасының көзі түсті.

– Қызым саған не болды?

– Анашым, мен сізге сыйлық ала алмай, қолдан жасадым. Сыйлығымды беруге ұялып тұрмын, – деп Маржан артына тыққан сыйлығын ұсынды.

– Бұл – мен үшін ең қымбат сыйлық! – деді анасы.



1. Әңгіме не туралы?

2. Маржан анасының туған күніне қандай сыйлық жасады?

3. Маржан неге ұялды?

4. Маржанның сыйлығы не үшін қымбат?

5. Сен анаңның туған күніне не сыйлық жасайсың?



1-тапсырма. Мақал-мәтелдерді оқып, достарыңмен пікір алысыңдар.

Дос болсаң, берік бол, досыңа серік бол.

Жаман дос көлеңке –

Басыңа күн түссе, қашып құтыла алмайсың,

Бұлт қонса, іздеп таба алмайсың.



2-тапсырма. Мәтінді көшіріп жаз. Ұяң дауыссыз дыбыстардың астын сыз.

Баян – өте ақылды қыз. Ол өзгелердің бәрін құрметтейді. Бүгін әкесінің туған күні. Ол әкесін туған күнімен құттықтады. Әкесі қызының әдептілігіне риза болды.

26-сабақ. Дастарқан басында



Қазақ халқының аса мән – маңыз беретін орны дастарқан басы. Әрбір қазақ шаңырағы үшін дастарқан басы тәрбие мектебі болған. Тамақты бас қосып отырып үй-іші болып ішеді. Дастарқан басында әуелі үлкендер жайғасады, содан кейін барып жасы кішілер орналасады. Жас адам үлкендерден бұрын бас салып тамақ алмайды. Тамақ ішіп болған соң да елден бұрын тұрып кетуге болмайды, бұл – біздің халқымызда тым тұрпайы, көргенсіз қылық. Егер асығып отырған адам болса, дастарқан басындағы кісілерден кетуге рұқсат сұрайды. Рұқсат алса ғана орнынан тұрып кетуге болады.



1. Мәтін не туралы?

2. Дастарқан басында отыру ережесін айт?



1-тапсырма. Дастарқан басында сақталатын ырым-тыйымдармен таныс.

1. Нанды бір қолмен сындыруға болмайды.

2. Ас ішіп болған соң «тойдым» деуге болмайды, «қанағат» деу керек

3. Қонаққа сынық ыдыспен ас беруге болмайды.
4. Дәмді табақтың ортасынан алма, өз алдыңнан алып же.
5. Тамақ үстінен аттамайды.



2-тапсырма. Дастарқан басында не істеуге болмайтынын жаз.

Үлгі: Ауызда тамақ тұрғанда сөйлемейді.

27-сабақ. Төр – сыйлы орын



Төр – қонақ бөлменің жоғарғы жағы. Ол – жасы үлкен адамдар, қонақтар отыратын сыйлы орын. Қазақ үйге келген қонақты «төрлетіңіз», «төрге шығыңыз» деп қарсы алады. Көрпе төсеп, жастық қойып, төрге отырғызып құрмет көрсетеді.

Қазақ халқында дастарқанға үлкендерден бұрын отыруға рұқсат жоқ. Себебі алдымен ақсақалды ата мен ақшашты әжені сыйлап, төрден орын береді. Үлкен кісілер – көпті көрген, сыйлы кісілер. Қазақта «төріңнен қарт кетпесін» деген сөз бар. Себебі қарт тілегін айтып, батасын береді. Дастарқан төрінде қарттар, одан төмен жастар отырады.

Тамаққа да үлкендерден бұрын қол созуға болмайды. Бұл – әдептіліктің белгісі.



1. Төр қандай орын?


2. Қазақ халқы үйге келген қонақты қалай қарсы алған?

3. Дастарқанға кім бата береді?

4. «Төріңнен қарт кетпесін» деген сөздің мағынасын ашып көр?



1-тапсырма. Сөзжұмбақтан жасырынған сөзді тап.



1. Ұлт атауы. 2. Астың соңында беріледі. 3. Біреуге алғыс білдіргенде айтылатын сөз. 4. Отбасы мүшесі.

Сөз соңында **б** естілгенімен, **п** әріпі жазылады: қолғап, жауап.

П дыбысы аяқталған сөзден кейін дауысты дыбыс келсе, **п** дыбысы **б**-ға айналады.

Мысалы: Мектеп-мектебі, қап-қабы.

Қ дыбысы аяқталған сөзден кейін дауысты дыбыс келсе, **қ** дыбысы **ғ**-ға айналады.



2-тапсырма. Берілген сөздерге **ы**, **і** әріптерінің тиістісін жалғап жаз,

Қонақ, қорап, тәртіп, тамақ, құрақ, жастық.

28-сабақ. Біздің ауыл



Біздің ауыл Қызылағаш деп аталады. Ауылды үш тараптан қалың шілік, қызыл қайыңдар мен көк шалғын, сарқырама бұлақтар қоршайды. Күншығыс жақ беті батпақты. Осы бетке сырғауылдан жол салынған. Сырықтар жерге көлденеңінен тығыз төселген. Үстінен қарағанда сырнайдың пернелері сияқты. Арбамен жүрсең де, автомашинамен өтсең де қатып қалған толқын-толқын үстімен тербелгендей боласың. Біздің ауылдан басталған жол қырдағы қара жолға тіреледі. Ал күре жол тарам-тарам боп жан-жаққа созылады...

Мұзафар Әлімбаев

Сөздікпен жұмыс:

Сырғауыл – сорайған, ұп-ұзын.

Сырық – түндікті көтеріп ашуға арналған ұзын ағаш.



1. Әңгіме не туралы?
2. Ауыл табиғаты қалай бейнеленген?
3. Автор ауыл жолын қалай суреттеген?
4. Өз ауылыңмен салыстырып көр.



1-тапсырма. Суретке қара. Парталасың мен ақылдасып қала мен ауылдың ұқсатығы мен айырмашылығын айтыңдар.



Г әріпі сөз соңында жазылмайды. К дыбысы аяқталған сөзден кейін дауысты дыбыс келсе, к дыбысы г-ге айналады. Мысалы: ирек-ирегі, түлік-түлігі.

Сөз басындағы **л, р** әріптерінің алдынан **ы, і** естілгенімен, **ы** мен **ң** жазылмайды: рақат, рең.



2-тапсырма. «Ауылым алтын – бесігім» тақырыбында эссе жаз.

29-сабақ. Туған жердің табиғаты



Менің туған жерім қандай әсем! Қандай тамаша! Айнала биік таулар, жасыл жазықтар, әдемі қызғалдақтар, сарқырап аққан бұлақ суы. Табиғаттың әсемдігіне қарап таң қаласын.

Туған жер! Мен үшін сенің әрбір тасың, әрбір аң-құсың, әрбір гүлің ыстық әрі қымбат. Мен үшін сенің көкте күлген күнің қымбат, мен үшін сенің көк аспаның қымбат. Алысқа кетсем, сені сағынамын, көруге асығамын.



1. Әңгімеде туған жер табиғаты қалай суреттелген?
2. Туған жер несімен қымбат?
3. Туған жер туралы қандай мақал-мәтел білесің?



1-тапсырма. Мақалдарды оқы және әңгіме мазмұнына сәйкес келетінін айт.

1. Басқа жердің отынан туған жердің түтіні артық.
2. Ел мен жер егіз.
3. Отанды сүю – отбасынан басталады.



2-тапсырма. Мәтін мазмұны туралы пікіріңді «Төрт сөйлем» құрлымына салып жаз.

Пікір: оқыған мәтініңді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел: пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал: пікіріңе мәтіннен мысал келтір.

Қорытынды: тақырып бойынша қорытынды жаса. (Мақал-мәтел немесе нақыл сөз).

30-сабақ. Ізет



Сәбира әжей немересі Хадишамен көшеде келе жатқан. Алдарынан бір жас жігіт шыға келді. Сәбира әжей оны күтіп тұрды.

– Әже, өте беріңіз, – деді жігіт.

– Жоқ, сен өт, балам. Жол сенікі.

Жігіт өтіп кетті. Хадиша әжесіне ренжіді: «Өзінен кіші жігітке жол бергені несі?».

– Әйел адам ер кісінің жолын кесіп өтпес болар, қызым. Ата-бабадан қалған салт солай, – деді әжей немересінің ойын сезгендей. Хадиша ойланып қалды.

«Жыл он екі ай» кітабынан



1. Әңгіме не туралы?
2. Жас жігіттің іс-әрекеті дұрыс па?
Сәбира әжейдікі ше?
3. Хадиша әжесіне неге ренжіді?
4. Әжесінің қызына айтқан ақылын парталасыңмен талқыла?



1-тапсырма. Мақалдарды оқы, қайсысы мәтін мазмұнына сәйкес келетінін айт?

1. Өзгеге жасаған ізетің – өзіңе жасаған құрметің.
2. Көп жасағаннан сұрама,
Көпті көргеннен сұра.
3. Еңбегіне қарай – құрмет.
Жасына қарай – ізет.

Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. Әр буында бір дауысты дыбыс болады: ал-ма, қа-ғаз.



2-тапсырма. Сөйлемдерді буынға бөліп жаз және қорытынды шығар.

Адам баласы өзгелермен қарым-қатынас жасағанда оның таныс, таныс еместігіне, алыс-жақындығына, үлкен-кішілігіне, қызмет дәрежесіне қарамай кішіпейіл, әдепті болуы керек. Бұл адамгершілік борыш.

31-сабақ. Ата-баба дәстүрі



Бала кезімде әжеммен қонаққа жиі баратынымын. Бір ғажабы, қай үйге қонаққа барсам да, ылғи құлақ жейтінмін.

– Әже, – дедім бір күні шыдай алмай, – маған неге құлақ ұстата береді?

Әжем маған мейірлене қарап, былай деді:

– Ата-бабаңның дәстүрі солай. Үлкендердің жас балаға құлақ беретін себебі: жақсы сөзге құлағы түрік болсын. Айтқанды тыңдап өссін дегені.

«Наурыз: Жаңғырған салт-дәстүрлер» кітабынан



1. Әңгіме не туралы?
2. Әжесі немересінің сұрағына қалай жауап берді?
3. Сен үлкендердің айтқанына құлақ түріп, болжытпай орындайсың ба?



1-тапсырма. Берілген суреттердің қалағанына әңгіме құра? Кішіпейілділік, әдептілік, сыпайылық сияқты сөздерін пайдалан.



2-тапсырма. Өлеңді оқып, көшіріп жаз.

Тыңдай білем атамды,
Тыңдай білем апамды.
Сондықтан да атамнан
Алғыс алдым, бата алдым.

Тыңдай білем атамды,
Тыңдай білем апамды.
Сондықтан да апамның
Қолғанаты атандым

32-сабақ. Ат қою



Нартай мен тасы көрші жігіттің үйіне келді. Оларды құрметпен төрге шығарды. Біраздан кейін үй иесі сәбиді алып келді.

– Сәбиге ат қою – үлкен міндет, – деп, Нартайдың атасы сәбиді ептеп қолына алды. Оның құлағына: «Сенің атың – Ержан!» – деп үш рет айқайлады. Сонан соң үй иесіне қарай бұрылып:

– Енді Ержаныңды өз қолыңа алып, апарып бесігіне жатқыз, – деді.

Басқа қонақтар: «Ержанның өмір жасы ұзақ болсын!» – деп тілектерін айтып жатты.



1. Әңгіме не туралы?
2. Нартайдың атасы не істеді?
3. Қонақтар сәбиге не тіледі?



1-тапсырма. Суретте қазақ халқының қайсы салт-дәстүрі берілгенін мұғалім көмегінде айтып көр.



Жазғанда бір жолға сыймай қалған сөздерді буынға бөліп, келесі жолға тасымалдап жазамыз. Тасымалданатын буыннан бұрын жарты сызықша (-) қойылады: жа-лау, ел-таңба.



2-тапсырма. Мәтінді жалғастыр.

Әр халықтың, ұлттың ғасырлар бойы жинақтаған салты бар. Ол ұлттың тағылымы, өнегесі тәрбиесі арқылы құрылған. «Салтын сүйген – халқын сүйеді» деп бекер айтылмаған.



33-сабақ Атам менің

Атам менің әманда
Кішіпейіл бол деген.
Асыл сөзі санамда –
Мақтанбауды жөн көрем.
Өзімді мен өзгеден
Санамаймын жоғары.
Артық айтып сөзімді
Желпінгенім жоқ әлі.



Атам менің әманда
Әділетті бол деген.
Асыл сөзі санамда –
Жүрем әділ жолменен.

Қалдыратын ұятқа
Жалған сөзге төзбеймін.
Жеткізетін мұратқа
Тек шындықты көздеймін.
Әбдірахман Асылбек



1. Өлең не туралы?
2. Атасы немересіне қандай ақыл айтады?
3. Қандай іс-әрекет адамды ұятқа қалдырады?



1-тапсырма. Нақыл сөздерді оқып, мазмұнын қалай түсінгеніңді айт.

- | | |
|---|---|
| <ol style="list-style-type: none"> 1. «Сіз» деген – әдеп,
«Біз» деген – көмек. | <ol style="list-style-type: none"> 2. Әдепті бала
Ата-анасын мақтатар.
Әдепсіз бала
Ата-анасын қақсатар. |
|---|---|



2-тапсырма. Мәтінді көшіріп жаз.

Әдепті болу – әр баланың міндеті. Әдептілік – адамның ең жақсы қасиеті. Әдепті бала болашақта өзінің жақсы азамат екенін дәлелдеп, аңсаған арманына жетеді.

34-сабақ. Мен не үйрендім?



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер:

1. Мектепке не үшін келесің?
2. Өзің оқитын мектептің ережесі бар ма?
3. Бұл сурет қайсы өлеңді еске түсіреді? Өлең не туралы еді?
4. Сөйлемді оқы. «Мектебімізде үлкен асхана бар. Асхана іші кең және таза. Асханада тамақта-



ну ережелеріне амал жасауды сынып жетекшілері үйретеді». Үзінді қай мәтіннен алынған? Мәтіннің мазмұнын әңгімеле?

5. Мектебінде асхана бар ма? Асхана ережесін айт?


6. «Бөтен бестік» әңгемесінің қатысушыларын ата. Әңгіменің мазмұнын есіңе түсір?

7. Өзіңнің сыныбың туралы айт. Сынып туралы қандай мәтінмен таныстың?

8. Бұл сурет қайсы әңгіменің мазмұнымен байланысты?

Өз ауылың жайлы айт?

9. Сөйлемді оқы. «Нартай мен тасы көрші жігіттің үйіне келді». Үзінді қай мәтіннен алынған? Мәтін мазмұнын еске түсір?



10. «Тұсау кесер» салт-дәстүрі туралы айт?



2-тапсырма. Жұмбақтарды шеш және жаз.

Ілулі тұр кең алаң,
Керегімді мен одан
Жазып алам көшіріп,
Сүртем сосын өшіріп (...)

Тілі жоқ өзінде
Сөзі бар ізінде (...)
Жұқа тақтай бөлшегі –
Ұзындықтың өлшемі.
Білім мен тәлім
Парақтап ашқанда,
Беттерінен мәлім.
Білімнің дәнін тереді,
Балаға білім береді (...)

III ТАРАУ. ТАБИҒАТ СЫЙЫ ҚОРҒАЛАТЫН ЖАНУАРЛАР

35-сабақ. Мейірімді аңшы



Аңшы үйіне келді. Баласы алдынан шықты.

– Әке, аюдың баласын әкелдің бе?

– Жоқ, қалқам, бірақ оны көрдім.

– Қандай екен? Нешеу екен?

– Кішкентай екен. Өздері – екеу. Бір ағаштың түбінде екеуі алысып ойнап жатыр екен.

– Аtpадың ба?

– Жоқ, аядым.



1. Әңгімедегі қатысушыларды ата?

2. Аюдың балалары нешеу?

3. Әңгіме не үшін мейірімді аңшы деп аталады?

Сөйлемнің бірінші сөзі бас әріптен басталып жазылады. Кісі аттары бас әріптен басталып жазылады.



1-тапсырма. Сәйкестендір. Не жейді?



2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жаз.

Менің әкем орманшы. Оның есімі – Атым –
Шешемнің аты – Мен өз отбасымды мақтан тұтамын.



36-сабақ. Табиғаттың панасымыз

Елік қырда ауырса,
 Жоқ қой ауруханасы.
 Қос өкпесі қабынса,
 Қайдан табар дауасын?!
 Ағаш өзін қиғанды
 Ат сияқты тебе алмас,
 Гүл де жұлқып – жұлғанды
 «Неге өйтті?» – деп сөге алмас.
 Аю байғұс аяғын
 Алса жырып, қанатып,
 Жарасын кім таңады,
 Кім бар бағып-қағатын?
 Қыста бар ма шымшықтың
 Жемге толы қоймасы?!
 Дала кезген тұмсықты
 Достар жайын ойлашы.
 Түйіп айтар сөзіміз:
 Табиғаттың панасы –
 Біздің мына өзіміз –
 Адамзаттың баласы!

Мұзафар. Әлімбаев



1. Өлең не туралы?

2. Табиғатқа қамқорлықтарың туралы айт?



1-тапсырма. Суретке қара. Тақырып қойып,
 өз ойыңды айт.





2-тапсырма. Кісі аттарын бас әріппен жаз. Біз табиғат қойнында ойнадық. Онда ержан, асан, айжан, жанар, айгерім, балжан доп ойнады. Ойын аяқталған соң бәріміз үйге қайттық.

37-сабақ. Қызыл кітап



Елімізде табиғатты қорғаудың жолдары көп. Солардың бірі қорықтар ұйымдастыру. Қорық адамның табиғатқа ықпал жасауына тыйым салынған үлкен аумақты қамтиды. Мұндай аумақтарда жоғалып кету қаупі бар жануарлар сақталады. Тау және орманды өз ішіне алған алқаптарда жасайтын жануарлар қорғауға алынады. Өйткені, адамдар оларды аулау нәтижесінде қырылып кетуі мүмкін. Өлкеміздің таулы аумақтарындағы қорықтарда аю, қасқыр сілеу сін, қабылан, доңыз, тау ешкісі, бұғы, арқар, жайран, лашын, бүркіт, қырғи, аққу сияқты жануарлар мен құстар сақталады. Жоғалып кету қаупі бар жануарлар мен өсімдіктерді ғалымдар зерттеп, «Қызыл кітапқа» енгізген. Қызыл кітапқа енген жануарларды аулауға тыйым салынған.



1. Жан-жануарларды қорғайтын жер не деп аталады?
2. Жан-жануралардың қырылып кетуіне не себеп?
3. Жоғалып кету қаупі бар жануарлар мен өсімдіктер енгізілетін кітап қалай аталады?

Жан-жануарлар мен үй жануарларының аттары бас әріппен бастап жазылады: *Тайбұрыл, Тарлан, Аққасқа, ...*



1-тапсырма. Сәйкестендір.



мияулайды

ырылдайды

қыңсылайды

ақырады



2-тапсырма. Топтарға ажыратып, буынға бөліп жаз.

Бөрібасар, Алапар, Тайбұрыл, Байшұбар, Құлагер, Бозжал, Ақтұяқ, Мойнақ, Құттөбет, Бөрібасар, Саққұлақ, Мамық, Ақтөс.

38-сабақ. Екі бұғы



Бір күні тауда жайылып жүрген екі бұғы шөпке таласып қалыпты.

– Мен жеймін мұны, мен бұрын көрдім, – депті бірі.

– Мен жеймін, мен бұрын келгенмін бұл жерге, – депті екіншісі.

Екеуі жанжалдасып, бірін-бірі сүзе бастапты. Кейін шегіне түсіп, сартылдата кеп мүйіздесе сүзісіпті. Аздан соң, тіпті қызық болыпты. Бұғының мүйізін білесіңдер, талдың бұтағы сияқты болады. Ілініскенше әбден сүзіскен көрінеді. Бір кезде мүйіздері ілінісіп қалған бұғылар бірінен-бірі ажырай алмай әрлі-берлі тартысыпты.

Мұны өтіп бара жатқан аңшылар көріп қалыпты да қуанып, дереу келіп бұғыларды арбасына салып, үйлеріне қарай жөнеле беріпті.



1. Әңгіме не туралы?
2. Бұғылардың таласуы дұрыс па?
3. Әңгімеден қандай ғибрат алдың?



1-тапсырма. Жұмбақтың шешуін тап. Жұмбақты берілген суретпен салыстыр?

Жайласа да
Қалың орман арасын.
Тастамайды төбесінен
Бұтақ-бұтақ ағашын. (.....)



2-тапсырма. Көркем жаз.

Бұғылар, бітеу мүйізділер – жұптұяқтылар тобына жататын жануарлар тұқымдасы. Бұғының отыз түрі бес тұқымдас тармағына бөлінеді: құдырлар; мунт-жактар; су бұғылары; нағыз бұғылар; Америка бұғылары.

Бұғы Азия, Еуропа, Америка және Солтүстік Африкада тараған.



39-сабақ. Тиін мен қасқыр

Тиін бұтақтан бұтаққа секіріп жүріп, ұйықтап жатқан қасқырдың үстіне құлап түседі. Қасқыр ұшып тұрып оны жемекші болады.

– Қоя бер мені! – деп тиін жалына бастайды.

– Жақсы, қоя берейін, бірақ осы тиін біткен неге сонша көңілді боласыңдар, соның себебін айтшы маған. Мен үнемі жабығып жүремін, ал сендер төбемізде асыр салып ойнайсыңдар да жүресіңдер.

– Ең әуелі мені ағаштың басына жібер, сол жерде тұрып айтайын, әйтпесе сенен қорқамын, – деп жауап береді тиін.

Қасқыр тиінді қоя береді. Ол ағаштың басына шығып алып:

Сен өзің зұлымсың, содан ылғи жабығасың да жүресің... Ал біз болсақ, қайырымдымыз, ешкімге жамандық жасамаймыз, сондықтан үнемі көңілді боламыз, – дейді.



1. Ертегі не туралы?
2. Қасқыр қандай аң?
3. Тиіннің жауабынан қандай ой түйдің?



1-тапсырма. Берілген сөздерден пайдаланып, суретке қарап диалог құрастыр.

Қасқыр тиінді қонаққа шақырды. Тиін қонаққа барғысы келмеді.

Қажетті сөздер: қорқамын, қорқытпаймын, сөз беремін, залым болмау, мейірімді болу, алдамайсың ба?, адал дос.



2-тапсырма. Кестені ертегі бойынша толтыр.

Ертегіге қатысушыларды ата	Қасқырдың жабығып жүруіне не себеп?	Тиіндердің көңілді болуы неліктен?	Ертегіден қандай қорытынды шығардың?

40-сабақ. Хайуанаттар бағында



– Әке, хайуанаттар бағында қандай аңдар бар?
– Хайуанаттар бағында түрлі аңдар бар. Әлемнің әр бұрышында тіршілік ететін аңдарды тек қана хайуанаттар бағынан көруге болады.

– Хайуанаттар бағына үлкен пілдер қайдан келген?

– Үлкен пілдерді Үнді жерінен әкелген.

– Ал арыстан қайдан келген?

– Ал аң патшасы арыстанды Африка шөлдерінен әкелген.


- Қоңыр аюды да басқа жақтан әкелген бе?
- Жоқ, қоңыр аюды өзіміздің биік таулардан ұстап әкелген.



1. Әңгімеге қатысушыларды ата? Олар не жайлы сөйлесті?
2. Хайуанаттар бағы не үшін қажет деп ойлайсың?
3. Сен хайуанаттар бағында болдың ба? Бұлардан тыс нелерді көргенсің?




1-тапсырма. Жануарлардың атауын тап. Олар туралы не білесің?



2-тапсырма. Сұрақтар бойынша пілді сипаттап, мәтін құрастыр.

1. Піл қандай аң?
2. Түсі қандай?
3. Оның құлағы қандай?
4. Тұмсығы ше?



41-сабақ. Жануар мен адам

– Бүкіл әлем көк орманды дос етті,
Көшетіне көшет әкеп қоса екті.
Тіпті ол да аз болғандай, сол жерге
Сен де ектің соншама көп көшетті?!
– Арам ойдың қия басып аяғы,
Қысылшаң күн бәрімізге таяды.
Көшеттерді көп қондырсақ ормандар
Қысқармасын деген ой ғой баяғы.
Мың-мыңдарға


Ризық берген күшті алып –
 Орман-Отан,
 Білер мұны құс та анық.
 Күнің ғаріп болады-ау, сенің де,
 Ну ормандар жатса егер қысқарып!
Мекембай Омарұлы



1. Жануар мен адам не туралы сөйлесті?
2. Адамдардың көшет отырғызудан мақсаты не?
3. Жабайы жануарлардың Отаны қай жер?
4. Өлеңнен автордың негізгі ойын анықта?



1-тапсырма. Сөзжұмбақты шеш.



2-тапсырма. Сөзжұмбақта жасырынған сөздің пайдасы туралы сөйлем құрастыр.

42-сабақ. Түлкі мен қырғауыл



Қалың ағашты аралап, бір түлкі келе жатып, ағаштың басында отырған бір қырғауылды көрді де, жақындап келіп:

– Саламатсыз ба, қырғауыл! Қалай тұрасың, досым? – деді.

– Жақсы сөзіңе рақмет! Өзіңіз қалай тұрасыз? – деді қырғауыл.

– Жерге түсіп сөйлессең екен шырағым, кәрімін, бір құлағым жөнді естімейді, – дейді түлкі.

– Жерге түспеймін, жерге түсуге қорқамын, жерде әр түрлі аңдар бар, бізді жеп қоюы мүмкін – деді, қырғауыл.

– Ей, досым, биылғы заман бұрынғы емес! Жаңада қалаға барып едім, бұйрық шығыпты, біреуге біреу зорлық қылмасқа! Қой мен қасқыр бірге жүрсін деген түлкі мен тауық бірге жүрсін деген, көгершін мен қаршыға бір ұяға жұмыртқаласын деген. Қорықпа, түс, – деді түлкі.



– Жақсы хабарыңыз бар, жақсы айтасыз, алласы разы болсын, дос! Мына жақта бір иттер келе жатыр, оларға да айтыңыз, олар да естісін – деді қырғауыл.

Ит деген сөзді естігесін түлкі алды-артына қарамастан қаша берді.

– Қайда барасыз, бұйрықты ұмытып кеттіңіз бе? – деді қырғауыл.

– Кім біледі, бұйрықты естімеген иттер шығар, – деген түлкінің даусы естілді.



1. Түлкі қандай бұйрық туралы айтты?
2. Түлкі неге қашып кетті?
3. Түлкінің негізгі ойын айт?



1-тарсырма. Өлеңде қандай жануар бейнеленген, ол туралы не білесің?

Мен
Біреулерге күлкімін.
Кейбіреуді алдаймын,
Кейбіреуді арбаймын.





2-тапсырма. Кестені ертегі бойынша толтыр.

Ертегіге қатысушыларды ата	Түлкіге 3-4 сөзден тұратын сипаттама бер?	Қырғауыл қандай құс?	Ертегіден қандай қорытынды шығардың?



43-сабақ Жануарлар баласын қалай атаймыз?

Арыстан баласы – Алан, Абдан
 Жолбарыс баласы – Арлан, Шөнжік, Таутан, Сарымақ.
 Барыс – Алан.
 Қасқыр – Бөлтірік.
 Аю – Қонжық.
 Түлкі баласы – Жәудір, Мырмай, Міршәй.
 Қоян – Көжек.
 Мысық – Марғау, Соқыр.
 Киік баласы(төлі) – Құралай.
 Суыр баласы – Мондын.
 Арқар баласы – Қозықа.
 Бұғы баласы – Бұғышақ
 Елік төлі – Еңлік
 Аққу – Көгілдір.
 Құндыз – Құнай.
 Есек – Құдыға, Көдек, Қодық.



1-тапсырма. Топтарға ажырат.





жаз.



2-тапсырма. «Үй жануарлары» тақырыбында 4-5 сөйлем құрастыр. Жануарларға ат қойып

44-сабақ. Ен дәулет

Төрі толған түлікке,
Ұлан-байтақ жерің бар,
Көгорайлы белің бар,
Айдын шалқар көлің бар;
Сағасы мол көп өзен,
Өлке толған егін бар.
Тау мен далаң сақтаған
Қойны толған кенің бар –
Алтын, күміс, қорғасын,
Мұнай мен мыс, көмір бар.
Осы дәулет тұрғанда
Неменеден кемің бар?

Жамбыл Жабаев




1. Ақын ен дәулет деп нелерді айтқан?
2. Өзен, көл, жайлаулар адам үшін қандай пайда келтіреді?
3. Өлеңде қандай қазба байлықтар туралы сөз болады?

Жер-су аттары бас әріптен басталып жазылды: *Зарафшан, Қарасу.*



1-тапсырма. Табиғи байлықтарға нелер жатады? Өз пікіріңді айт.





2-тапсырма: Жалғасын тап.

Көлдер: Арнасай көлі, ... ,

Таулар: ...

Өзендер: ...



45-сабақ. Геолог

Біздің Отан жеріндей
Жер жоқ кеннің бәрі бар.
Іздеп соны ерінбей,
Геологтер сабылар.
Асыл іздеу – азап бұл,
Шарлап тау мен даланы.

Ақырында ғажап бір
Кеннің көзін табады.
Түлетеді жондарды,
Жаңартады дала үстін.
Біз білеміз оларды
Ұрпағы деп Қаныштың.
Ә. Қайранов



1. Геолог қандай маман деп ойлайсыңдар?

2. Елімізде қандай қазба байлықтар бар?

3. Қазба байлықтар не үшін қажет?



1-тапсырма. Жұмбақты оқып, шешуін тап.

Тереңнен қазылып алынған,
Қара тас ошаққа салынған.
Жанса да ып-ыстық күн болып,
Соңында қалады күл болып.(...)



2-тапсырма. Жер-су аттарын теріп жаз.

Зарафшан қаласы өндірістік қала. Беғабат қаласында қара метал қайта істеп шығарылады. Сондай-ақ көмір, цемент Ангрен қаласында істеп шығарылады.

46-сабақ. Мұнай



Күн ыстық. Ащысай барлаушылары басқа жаққа көшіп жатыр. Есік алдында қарап тұрған Зульфия шешесінен:

– Апа, ағалар неге көшті? – деп сұрады.

– Бұл арада мұнай көзі жоқ болған соң...

– Иё, саған! Өнеүгүні Айгүлдің көкесі май бар, табамыз деп еді ғой.

– Күнім-ау, мен қайдан білейін, – деп, күлімсіреді апасы.

Ертеңіне Зульфия мен Айгүл қозы-лақтарын жаюға шықты. Ащысайды өз көздерімен көруге асықты.

Төбенің басына шыға келгенде, бұрқырап ағып жатқан мұнайды көрді. Қыздар жүгіріп барды. Барлаушылар тастап кеткен мұнара түбінен қара қошқыл май атқылап жатыр. Төңіректе адам жоқ.

– Алақай, май бар екен! Мұнай шығып жатыр! – деп, Зульфия қуанғаннан айқайлап жіберді.

Қыздар Ащысайдан май шығып жатқанын барлаушыларға хабарлады. Кейде мұнай қабаттары бірден фонтан атпай, соңынан жайлап шығатыны да болады, бұрғы май қабатынан әрі өтіп кеткенде сөйтеді. Мұнай барлаушылары Зульфия мен Айгүлге алғыс айтты.

«Балдырған» журналынан



1. Барлаушылар неге көшіп жатыр?
2. Зульфия мен Айгүл қайда шықты?
3. Мұнай көзі қай жерде ашылды?



1-тапсырма. Берілген кестеден пайдалы қазбаларды тап.

а	м	ұ	н	а
й	к	ө	м	і
р	а	л	т	ы
н	е	к	ү	м
і	с	т	ұ	з
с	у	а	з	і



2-тапсырма. «Адасқан әріптер» ойыны арқылы жасырынған сөйлемді тап.

1. рже _____
2. стүі _____
3. йабықылртан _____
4. нмеүедкйі _____

« »

47-сабақ. Көмірдің кереметтері



Пойыз Балқашты жағалап өткелі қашан. Жолда Жарық дейтін станция қалды. Кішкентай Ербол вагонның терезесінен сарғылт жасыл далаға қарап келе жатқан. Кенет көз ұшынан қап-қара шоқыларды көрді.

– Ата, анау не? – деп сұрады ол бір купеде келе жатқан Қабен қарттан.

– О, Шерубай-Нұраға да келіп қалған екенбіз ғой, деді Қабен қарт.

– Ерболжан, ол қарайған шахта ғой. Шерубай-Нұраның шахталары. Енді көп кешікпей Қарағандыға да жетеміз.

– Шахтада не болады, ата? – деді Ербол.

– Шахтада көмір болады, – деп күлді Қабен ақсақал.

– Е, оны мен білемін, ауылда көмірді әжем отқа жағады, – деді Ербол.

– Иә, отқа жағады, одан соң, тағы не істейді? – деп, қарт Ерболға қарай қалды.

– Тағы ма? Тағы ... білмеймін, – деп күмілжіді Ербол.

Шерхан Мұртаза



1. Әңгімеге қатысушылар не жайлы сөйлесті?

2. Шахтада кімдер жұмыс істейді?

3. Көмірдің тағы қандай пайдасы бар?

Қала, аудан, ауыл және көше аттары да бас әріппен жазылады: Самарқант, Алғабас, Шыршық



1-тапсырма. Біліп алған жөн болар.



2-тапсырма. «Көмірдің кереметтері» әңгімесінен бас әріппен жазылған сөздерді теріп жаз.

48-сабақ. Құстар неге сөйлей алмайды?



Ертеде құстар адам сияқты сөйлейді екен. Күндердің күнінде құстар арасында патшалыққа талас басталыпты. Сонда бүркіт:

«Мен сендерге патша болуым керек. Менен де биікте самғап ұшатын ешкім жоқ» дейді. Бірақ оған құстар келіспей: «Жоқ, керек емес! Сен өте тәкәппарсың. Сол себептен де биік құзда өмір сүресің», деп қарсы болады.

Жарқанат шығып:

«Менің патша болғым келеді. Менің қанатым сендердікіндей жүннен емес тер іден. Алыстағыны естіп қоямын». Бұған көкек келіспей қояды:

– «Жарқанаттың патша болуы мүмкін емес. Құстарға ҚҰСПЫН дейді, аңдарға АҢМЫН дейді. Оның үстіне түні бойы ұйықтамай ұшып жүреді де бізге ұйқы бермейді. Сендер үшін менен жақсы патша болмайды. Менің салған әніммен бүкіл жер беті және жасыл желек құлпырады».

Көкектің де сөзіне құстар келіспей, былай дейді: «Көкек бізге патша болмайды. Ол өзінің балапандарына қарамай тастап кетеді».

Осы кезде құстар арасында үлкен айтыс-тартыс туды. Әрбір құс өзін патша етіп сайлауды ұсынды. Құстар қатты шулап кетеді. Мұны естіп жоғарыда талдың басында сиқыршы қара қарға отырады.

Ол:

– «Ақыры бір-біріңмен тіл табыса алмайды екен-сіңдер, онда сөйлемей-ақ қойыңдар. Барлығы патша болғысы келеді» дейді. Сол кезден бастап құстар адам сияқты сөйлеуден қалады.



1. Құстар неге таласты?
2. Сенің ойыңша олар дұрыс істеді ме?
3. Ертегіден қандай қорытынды шығардың?



1-тапсырма. Суретшінің қатесін тап. Суретте берілген құстар жайлы не білесің?



2-тапсырма. Өлеңді көшіріп жаз.
Келіп көктем құстары,
Бау-бақшаға ән салды.
Оларды жас достары
Ұя жасап, қарсы алды.



49-сабақ. Қарлығаш

Әсем әнді біртүрлі
Айтып келді қарлығаш.
Ұясына былтырғы
Қайтып келді қарлығаш.

Жайлы, жылы мекені,
Иелерін тосқандай,
Бір ұяда екеуі.
Тату қандай дос қандай?



1. Өлең не туралы?
2. Ақын қарлығашты қалай сипаттаған?



1-тапсырма. Суретке қара. Қай құс бейнеленген.

1. Оның түсі қандай?
2. Ол ұясын неге үйдің ішіне салады?
3. Бұл құс неге қыстап қалмайды?



2-тапсырма. Тыныс белгілерді дұрыс қойып сөйлемді көшіріп жаз.

Дәуіттің ерлігіне сүйсінген қарлығаш онымен айнымас дос болады Содан бері талай заман өтсе де қарлығаш пен дәуіт бір ұяда тұрып бірге өмір сүретін болған екен.

50-сабақ. Біздің қарлығаш



Мен Ташкент қаласында Бектемір ауданы, Абай махалласы М.Әуезов көшесінде тұрамын. Біздің пәтер үшінші қабатта. Осымен үшінші жыл, бізді дос көріп, қарлығаш ұя салды. Ұясы пәтерге кіреберіс есіктің маңдайшасындағы электр шамының үстінде. Қарлығаштың ұясына балалар қызыға қарайды, бірақ бұзбайды. Қарлығаш ұясына кіруін кірсе де, далаға шыға алмай, баспалдақтың жоғары жағында сусылдап ұшатын.



Біз үшінші қабаттың терезесін ашып қойдық. Енді қарлығаш ұясына ашық терезе арқылы қатынайтын болды. Есік алды саңғырықпен қаншама былғанса да, Есімбек пен Маржан еш ренжіместен, күнделікті

тазалаудан жалыққан емес. Ұяда балапандар пайда болды. Олардың өте нәзік дауысы шик-шиқ етеді. Дамылсыз тамақ тасыған анасын көріп мәз-мейрам. Балапандардың қанаттары қатайып, ұядан ұшып шыққанына біз де мәзбіз.



1-тапсырма. Жұмбақтарды оқып, шешуін тап.

Орманда жоғары	Екі айыр құйрығы,
Ағашқа қонады.	Қияқ мұрт қанаты,
Тұмсығын балта етіп,	Ұшқырлардың жүйрігі. (.....)
Тоқ-тоқ-тоқ соғады. (.....)	



2-тапсырма. Жалғастыр.

Кісі аттары: Есімбек, Маржан, . . .

Қала аттары: Ташкент,

Аудан аттары: Бектемір, ...

Ауыл аттары: Абай,

Көше аттары: М. Әуезов,

51-сабақ. Әдемі құс



Мейіржан Ақниет көшесінен қанаты қайрылып жараланған бір әдемі құсты тауып алды. Құстың жаны жоқ сияқты. Әрең демалады. Мейіржан оны үйіне алып келді. Анасы оның тотықұс екенін айтты. Екеуі оның жарасын жылы сумен жуып, дәрі жағып, дәкемен таңды. Сөйтіп Мейіржан тотықұсты қамқорлыққа алды.

Бірнеше күннен кейін құс тәуір болды. Ол ұшып кетпесін деп, арнайы торға кіргізіп қойды. Тәуір болған құс сайрай бастады. Ашық тұрған терезеден құстың әнін көршісі естіп таңғалды.

Келесі күні Мейіржандардың есігін біреу қақты. Көршісі Амантай екен. Ол Мейіржан мен анасына «тотықұсты сат» деп келіпті.

«Даналық бастауыш» кітабынан



1. Өңгімеге қатысушыларды ата?
2. Мейіржан жаралаған құсты қалай емдеді?
3. Қалай ойлайсыңдар? Мейіржан көршісі Амантайға тотықұсын сатты ма?



1-тапсырма. Өлеңді оқы. Ауа райы туралы тағы қандай болжауларды білесіңдер.

Ұшып келген құс біткен	Тына қалса құс тіптен
Шырылдаса күн ұзақ.	Күн күркіреп қызынар.
Күн салқындар сызы бар.	



2-тапсырма. «Құстар біздің досымыз» тақырыбында эссе жаз.

52-сабақ. Сауысқан мен көкек



Ертеде сауысқан мен көкек бір орманды мекендепті. Олар ұялары болмай, ағаштың бұтақтарын паналап күнелтіпті. Көкек күнде ерте тұрып алып: «ұя керек», «ұя керек», – деп, көршілерінің мазасын кетіреді. Бір күні сауысқан көршісіне:

– Екеуіміз бірігіп бір ұя істейік. Әуелі саған, содан кейін маған салармыз, – дейді.

Көкек:

– Менің ұя салатын қуатым да, құралым да жоқ. «Керек, керек» деп қақсай берсем, құстың бәрі ағайыным, көп болып көмектесіп, ұя салып берер, – деп келіспейді.



Сауысқан көкектің көмегін күтпей-ақ, ұя салуға кірісті. Ол ұясының қабырғаларын жас бұтақтармен тасалап, берік етіп өрді. Оны шыммен, өсімдік тамырлары мен мықтап байланыстырды. Іші-тысын саз балшықтармен сылады. Кішкентай бұтақтардан құрастырып, қақпалы есік жасады. Ұяның астына мамықтан


төсек төседі. Ал көкектің «керек, керек» деп қақсай-қақсай даусы қарлығып, тілі сақау болды. Ол кейінгі жылдарда «керек» дегендегі «р» – әрпін айта алмай, «керек» деудің орнына «көкек, көкек» дейді. Сондықтан жұрт оны кекетіп «көкек» деп атайтын болды. Сол көкектің күні бүгінге дейін өзімдікі деген ұясы да, үйшігі де жоқ.



1. Сауысқанның көкекке ұя салу ұсынысын жасау себебі неде?
2. Сауысқанның салған ұясын сипаттап бер?
3. Көкектің «көкек» атануына не себеп?
4. Ертегідегі негізгі ойды анықта?



1-тапсырма. Сөзжұмбақты шеш.



2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып жаз.

Қарға ұшар ... ,

Үйрек ұшар ... ,

Шағала ұшар ... ,

Қаз ұшады

Қажетті сөздер: қаңқылдап, сымпылдап, шаңқылдап, қарқылдап.



53-сабақ. Түйеқұс!

Неге сонша сұстысың?
Түйемісің?
Құспысың?

Түйе болсаң, «құсың не?»
Ал құс болсаң, «түйең не?»
Бұны қалай түсінем?

Будан қандай ой түйем?
Мен айтайын білмесең:
Құс ішінде түйедей,
Бар бойым да, түр-денем.
Түйе ішінде түймедей,
Ұшқан құстай жүгірем.
Өрі түйе және құс –
Мен боламын Түйеқұс!



Ермек Өтетілеуұлы



1-тапсырма. Жұмбақтың шешуін тап.

Бойы ұзын түйедей, Қауырсынды, өзі құс,
Жүгіріп шаршамайды. Бірақ ұша алмайды. (.....)



2-тапсырма. Көркем жаз.

Дүниеде құстардың 9 мыңнан астам түрі бар. Құстардың барлығы да ұша бермейді. Түйеқұс өте жылдам жүргенімен, ұша алмайды. Ең кішкене түйеқұстың өзі сағатына 65 километр жүгіреді. Киви, нанду және пингвиндер де ұша алмайды.

54-сабақ. Қысқа дайындық



Бал арасы таңның атысы, күннің батысы бір сәт тыным таппады. Гүлден-гүлге қонып, шырын тасыды. Өзіне де, өзгеге де жетерлік бал жинады.

Саршұнақ егістікке жақындау ертерек көшіп келді. Мекен-жайын алдын ала дайындап алды. Күз бойы масақ теріп, інін дөнге толтырды.

Тоғайдағы жирен тиін де қарап жатқан жоқ. Бұтақтан бұтаққа қарғып жүріп, тыным таппады. Ұясына жақын жердегі қуыс-тесіктің бәріне бал қарағайдың жаңғағын үйіп тастады.

Ал жалқау Көктөбет түк ойлаған жоқ. Биыл тіпті қыс түспейтіндей көрді. Бірақ қас қылғандай, қар ерте жау-

ды. Енді, міне, құлағы салбырап, аш қарны қабысып, әркімнің босағасына бір түнеп жүр. Өлермен күн кешті. Қалғып кетсе болды, тәтті-тәтті түс көреді. Түсінде жайлы, жылы үйде жатады. Оянып кеткен бойда қатты өкінеді. «Енді осыдан жазға аман-есен жетейін. Жақсылап үй салып алармын-ау, бәлем!» деп, өзіне-өзі серт береді. Бұл оның жылдағы әдеті.

Қадыр Мырзалиев



1. Әңгімеге қатысушыларды ата?
2. Олар не істеді? Көктөбет ше?
3. Әңгімедегі негізгі ойды анықта?



1-тапсырма. Суретке зер сал. Қыста ұйқыға кететін жануарларды тап.



2-тапсырма. Берілген сөздерді буынға бөліп жаз.

Аю, борсық, суыр, кірпі, жарқанат, қосаяқ, саршұнақ, бақа.

55-сабақ. Аю мен тышқан



Қыс бойы апанда жатып әбден ашыққан қоңыр аю, ерте көктемде оянып, азық іздеп жолға шығады. Келе жатып жапырақтың астында қыбырлап жатқан бір нәрсеге көзі түседі. Шап беріп ұстап алады. Қараса тышқан екен. Үрейі ұшқан тышқан:

– Аю аға, мені босатыңызшы. Тірі жүрсем бір қызметіңе жарармын! – дейді. Дауысы дірілдеп жалбарынып.

– Аю тышқанның сөзіне еріксіз рахаттана күледі:

– Әй, сен не деп тұрсың? Екеуміздің арамыз жер мен көктей. Мына тұрысыңмен сенен маған қандай жәрдем болар дейсің? – деп, тышқанды босатқысы келмей, қысып өлтірмек болды.

– Олай деменіз аға, аю аға. Мен сіздің қарныңыз ашып тұрғанын сезіп тұрмын. Инде қалған азын-аулақ сақтаған тамағым бар. Әкеп берейін жіберіңізші! – деп өтінеді.

– Жарайды, босатайын.

Сөйтеді де, бір уыс көк шөпті жұлып алып, жіп тәрізді ширатып, бір аяғына мықтап байлап, ініне қоя береді. «Құтылып көр меннен! – дейді.

Аю тышқанның әкеп берген тамағын жеп, тойып алады да, оған қарағысы келмей кетіп қалады. Аман-есен құтылғанына тышқан қуанып, ініне кіріп кетеді.

Қожагелді Исаев



1. Ертегі не туралы?
2. Тышқан аюдан қалай құтылды?
3. Осы ертегіге ұқсас қандай ертегі оқығансың?



1-тапсырма. Аю мен тышқанға мінездеме бер.





2-тапсырма. Талдау жаса.

Сурет	сөз	Ды- быс	әріп	буын	Дауысты дыбыс	Дауыссыз дыбыс
						
						
						

56-сабақ. Қасқыр мен кірпі



Орман шетінде домалаңдап бара жатқан кірпіні аш қасқыр бас салады. Бірақ тұмсығы мен тамағы қанға боялып шыға келеді. Озбырлығын, қомағайлығын білдіргісі келмеген қасқыр кірпіге:



– Бетіңнен сүйейін деп едім, сен-ақ қырынбайды екенсің ғұмыры бір, – деп сылтаурады.

Кірпі қылтаңдарының арасынан біздей тұмсығын шығарып, сықылықтай күледі де:

– Асықпа, қасеке, сендердің азуларың түгел қағылып біткен күні мен де қырына бастаймын, – дейді.



1. Ертегі не туралы?
2. Қасқырдың аузы неге қан болды?
3. Кірпі қандай жануар?



1-тапсырма. Кірпі үйіне тез жетү үшін көмек қажет. Ол үшін қасқырдың сұрақтарына жауап бер.



Қандай сөздер
бас әріптен басталып
жазылады?



2-тапсырма. Ертегіден кірпінің жауабын көшіріп жаз.



57-сабақ. Мен не үйрендім?



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Ұя керек, ұя керек» деп көршілерінің мазасын алған қай құс?

2. Қызыл кітапқа қандай жануарлар енеді?

3. Қандай жер асты байлықтары бар?

4. Жылы өлкелерге ұшатын құстарды білесің бе?

5. Қандай сөздер бас әріптен басталып жазылады?

6. Жер-су аттары қандай әріптен басталып жазылады?



2-тапсырма. Нүктелердің орнына тиісті сөздерді қойып, өлеңді ұйқастырып жаз.

Балпаң, балпаң, балпаң..., Шуағына жазды ...

Екі көзін әрең ... ,

Бірін-бірі кезек ... ,

Қос баласы шықты

Бір-біріне қойды

Қажетті сөздер: басып, ашып, аюдың, күннің, жапп, қарап.



3-тапсырма. Берілген әріптерден қала аттарын құрастыр.

Т с а ш к е н қ р м ы

IV ТАРАУ. ДЕНСАУЛЫҚ –ТЕРЕҢ БАЙЛЫҚ

58-сабақ. Бактериялар



Жер шарындағы алғашқы тірі организмдер – бактериялар. Бактериялар өте кішкене болып, оларда тек өмір сүру ғана болған. Бірақ қолайлы жағдайларда жасушалар бөлініп, өз айналасын ұрпақтарымен толтырып отырған. Миллиондаған майда жасушалардың еңбегінен, Жерде өмір үшін жағдай жаратылған. Бактериялық жасушалар түрліше дамыған. Кейбірінен өсімдіктер әлемі, кейбірінен жәндіктер, тағы бірінен жануарлар пайда болуына жағдай жаратқан.



1. Бактерия деген не?
2. Бактериялар қайда өмір сүреді?



1-тапсырма. Диалогты жалғастыр.

- Микроскоптың пайдасы неде?
- ...
- Бактериялардың адам ағзасына пайдасы барма?
- ...
- Жұғымды аурулардың себепшілері бұл не?
- ...

Сөз – белгілі бір ұғымның атауы: алма, кітап, үй.



2-тапсырма. Сөйлемді көшір. Сөйлемде неше сөз бар екенін анықта.

Миллиондаған майда жасушалардың еңбегінен Жерде өмір үшін жағдай жаратылған. Бактериялық жасушалар түрліше дамыған. Кейбірінен өсімдіктер әлемі, кейбірінен жәндіктер, тағы бірі жануарлар пайда болуына жағдай жаратқан.

59-сабақ. Бұл қызық



Бактериялар мен микробтарды көзбен көруге болмайды. Оларды көру үшін арнайы құрылғы-

лар қажет. Кейбір деректерге сүйенсек 1590-жылы голандиялық көзәйнек ұстасы Ханс Янсен үлкейтіп көрсететін айналардың ерекшеліктерін үйреніп, алғашқы микроскопты жаратқан.

1609 жылда Галилео Галилей жаратқан микроскопты қоғам алдына ұсынған. Бұл құрылғы грек сөзінен алынған болып **«микрос»** – **«кіші»** және **«скопе»** – **«қараймын»** деген мағынаны білдіреді. Микроскоп көмегімен көзбен көріп болмайтын заттарды көру мүмкін болған.

Дегенмен Голландиялық ғалым Антони ван Левенгук он жетінші ғасырда жаратқан микроскоп ғылым және техника үшін шынайы жетістік болды. Антони ван Левенгуктың микроскопы ұсақ-түйек микробтарды көруге арналған.

1931-жылда оптик микроскоптар орнына электрон микроскоптар жаратылды. Электрон микроскоптар оптик микроскоптармен де көруге болмайтын заттарды көруге арналған еді.



1. Мәтін не туралы?
2. Микроскоп қай тілден алынған?
3. Микроскоп қашан, кімдер тарапынан жаратылған?



1-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттан пайдаланып, микроскоп не үшін қажет екендігін айт?



2-тапсырма. Мәтіннен пайдаланып толықтыр.
Бұл жылдарда қандай жаңалықтар пайда болған.
1590-жылы: ...
1609-жылы: ...
1931-жылы: ...

60-сабақ. Тәтті ұйқы, тәтті тамақ



Атасы бұл дүниеден көз жұмар шағында балаларын шақыртып:

«Ұйқыны тәтті қылыңдар, тамақты тәтті етіп жеңдер», – деп айтыпты. Бұл сөзге екі ағасы қуанып «Тәтті ұйқы болса тәті ұйқы да, деп – ұйқыға кірісе бастапты. Ол аздай бар азық-түліктен пайдаланып түрлі тағамдар пісіріп, «тәтті тамақ жейік», деп жатып жепті. Ұйқысының тәттісін де сезбепті, жатып жеген тамағы да сіңбей мазасызданып жатыпты. Күндердің күнінде азық-түліктер де таусылып, аш қалыпты. Ал кенже ұлы әкесінің бұл сөзін дұрыс қабылдап, диқаншылықпен айналысып, бір үзім жеген наны да тәтті, ұйқысыда тәтті болыпты. Еңбектің арқасынан дәулеті артып, ағаларын қасына ертіп еңбек етуге шақырыпты.



1. Мәтін не туралы?

2. Ағаларының істегені дұрыс па?

3. Кенже ұлының ұйқысы мен тамағының тәттілігі неден?

4. Мәтіннен қандай ғибрат алдың?



1-тапсырма. Берілген сөздердің бас әріптерін тап және қандай сөз жасырынған?

1. Дұрыс демалу
2. Ерінбеу керек
3. Ниеттену
4. Спортпен айналысу
5. Ағзаны шынықтыру
6. Уақытты дұрыс ұйымдастыру
7. Лайықты өмір сүру
8. Ынта-ықылас алға жетелейді
9. Қозғалыс ағзаны шынықтырады

Сөз буындардан құралады. Сөздің буын құрамы да, дыбыс құрамы да әр түрлі болады: ай, айна, айнала.



2-тапсырма. Берілген әріптерден сөз құрастырып, буынға бөліп жаз.

Қ ы ұ й	
Қ ы л а з а т	
Т с р о п	
Л у м е д а	
Н ү к т ә і б т ә р і	
М у и т е т и н	



61-сабақ. Денің сау болсын десең...

1. Таза ауа, күннің шуағы адам денсаулығы үшін пайдалы екенін ұмытпа.

2. Тұла бойыңды, мойныңды, көкірегіңді, арқаңды күнде салқын сумен жуып тұр. Дененді таза ұста.

3. Жылы мезгілде таза суда көбірек шомыл. Ең артығы күннің шуағымен суға түссең, тіпті жақсы. Тал түсте, күн қызып тұрғанда суға түспе. Тоқ қарынға суға шомылма. Қызынып, терлеп тұрып суға түспе. Суға жүгіріп келіп, қарғып немесе секіріп түспе. Су ішінде көбірек қимылда.

4. Өзіңді, тамағыңды таза ұста. Ішкен-жеген сайын және ертеңгісін, кешкісін ауызыңды тазалап, шайып отыр. Ауызыңды таза ұстасаң, тіс ауыруының көбінен құтыласың. Тамақ жеген сайын тісіңді жақсылап тазала.

5. Таза ауада көбірек қимылда, серуенде, ойна, жүгір.

6. Дененді тар киіммен, белбеумен, түрлі баумен байлап қыспа.

7. Аяқ киімнің ұлтаны табаныңа лайық болсын, өкшесі жалпақ, аласа болсын. Биік өкше өте зиян болады.

Халел Досмұхамедұлы



1-тапсырма. Жұмбақтың шешімін тап.

Дымқылдап күнде сен,	Шомылған баланы,
Қолыңа сүйкесең,	Аймалап алады.
Кетіп кір, ласың	Сүртеді қолынан.
Тап– таза боласың.	Бұл не? ()
Бұл не?()	

Сөздің одан әрі бөлінбейтін мағынасы бар бөлігін **түбір** дейміз: қала, орман, көше, жұлдыз. Түбір сөздің белгісі – 



2-тапсырма. Берілген сөздердің түбірін тап.

Күннің, сумен, адамның, суға, ішінде, терлеп, күнде.



62-сабақ. Денсаулық

Денсаулықты, балалар,	Жалқауларға қарасаң,
Сақта ерте жасыңнан.	Әлсіз келер ауырғыш.
Күтінбеген баланы,	Деме айтқан әзілім,
Көп ауру басынған.	Өмір өтер басыңнан.
Өзіңе-өзің қарасаң,	Денсаулықтың қадірін,
Істегенің тәуір іс.	Білген абзал жасыңнан.



1. Өлең не туралы?

2. Адамға денсаулық не үшін қажет?




1-тапсырма. Суретке зер сал. Үлгілі бала тура-
лы өз ойыңмен бөліс.





2-тапсырма. Берілген сөздерден мақал құрас-
тыр және сөздердің түбірін тап.



63-сабақ. Демалыс

Еңбекпен шынықтың,
Енді сен тыныққын.
Серги біл, құр жатпа,
Сейілде гүл бақта.
Көп жатпа, қоя тұр,
Көр кино, театр.
Жаназық болмаса,
Жан күту далбаса!

Ой салып ақылға,
Оң істі мақұлда.
Ел біліп сайлаған
Емші – бұл пайдалан.
Қуантып еліңді
Қуатты, көңілді,
Құрыштай адам бол,
Құрыспай аман бол!

Тұрысбек, Еділбай



1. Өлең не туралы?

2. Сен демалыс уақытын қалай өткізесің?



1-тапсырма. Өз ойыңмен бөліс. Дұрыс па, әлде
бұрыс па?



Түбірге қосылған бөлшекті **қосымша** дейміз:
қала-ға, орман-да.



2-тапсырма. Берілген сөздердің түбірі мен қосымшасын ажыратып жаз.

Еңбекпен, қуатты, емші, бақта, етікші, ақылға, ауылға, оқушы, машиналар, кітаптар, гүлдер.

64-сабақ. Әлемнің ұлы дәрігері



Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Әли Ибн-Сина 980-жылы Бұқара қаласының Афшана ауылында дүниеге келген. Әбу Әли Ибн-Сина адамзаттың мақтанышы. Ол медицина ғылымының атасы.

Ибн Сина өз кезінде данышпан балгер адам болған екен. Оның қолынан келмейтіні жоқ екен. Қандай ауру адам болса да, өз қолымен жазып емдепті. Ол өзінің өмірлік тәжірибесінен келіп былай деген екен:

– Қимыл көптеген дәрінің орнын басуы мүмкін, бірақ дәрі қимылдың орнын баса алмайды.

– Дене шынықтыру жаттығуларымен шұғылдансаң дәрігерге пысқырып та қарамайсың.

– Егер дүниеде шаң болмағанда, адамдар мың жыл жасар еді.



1. Ибн Сина кім болған?

2. Ибн Синаның айтқан өсиетінен нені ұқтың?

1-тапсырма. Ойтолғаныс.



Ұзақ ғұмыр сүру үшін бізге не керек?



?



2-тапсырма. Көркем жаз және түбір сөздерді анықтап, тиісті белгісін сыз.

Қимыл көптеген дәрінің орнын басуы мүмкін, бірақ дәрі қимылдың орнын баса алмайды.

Дене шынықтыру жаттығуларымен шұғылдансаң дәрігерге пысқырыпта қарамайсың.

Егер дүниеде шаң болмағанда, адамдар мың жыл жасар еді.

65-сабақ. Әбу Әли ибн Синаның тапқырлығы



Бір күні түнде шипагердің үйіне аттылы, түйелі екі адам келіп, ат пен түйесін байлап өздері керуен сарайға қонады. Ертеңгілік ерте тұрған Ибн Сина аттың байлауын тез шешіп, түйенің байлауына келгенде әбден машақаттанады, шеше алмайды.

Сол кезде оның қасына аттылы жолаушы келеді. Ибн Сина: «Япыр ай, мына түйелі кісі ақылынан қатты адасқан адам екен» – дейді. «Тақсыр, оныңыз рас, бірақ ол кісінің өзін көрмей жатып, ауруын қалай біле қойдыңыз?» – депті. Таң қалған жолаушыға шипагер: «Есалаң ауру байлаған жіпті ақылды адам шеше алмайды» – депті сонда Авиценна. Қазақта «Соқырдың тыққанын сау таппайды» деген мақал бар.



1-тапсырма. Ой толғаныс. Ибн Сина жайлы не білдің?

Білемін	Білдім	Білгім келеді



2-тапсырма. Берілген түбір сөздерге қосымшаларын қойып жаз.

күн – . . .

кел –

ерте –

ауру –

66-сабақ. Аппақ бала



Асан ойыннан асығып келді. Оның жүзі анардай қызарыпты. Анасына тартқан танауы таңқиып, тершіп тұр.

– Апа, тамақ ішем! – деді ол аптығып.

– Ас дайын, балам. Жуынып кел, – деді ақжарқын ана.

– Беті-қолымды кеше жуғанмын! – деді Асан абыр-жып.

Асыл ана Асанның шашының өскенін, тырнағының алынбағанын енді байқады. «Кеше жуынғанмын» деп, керігіп тұрған баласын аяп:

– Балам, үсті-басыңды таза сақта, – деді анасы.

– Тазамын ғой, анашым!

– Балам, таза болсаң, денің сау болады.

– Денім сау ғой, анашым.

– Асантай, ерте тұр, шынық, жуын! – деп едім ғой саған.

– Мақұл, анашым! Енді ерте тұрамын, шынығам, жуынам.

– Міне, мұның дұрыс. Шынықсаң, сымбатты жігіт боласың. Асан қабырғадағы айнаға қарап, кір қожалақ екенін көрді. «Ұят-ай», – деді ішінен.

– Анашым, кешіріңіз, қазір жуынам, – деді ол. Жуынатын бөлмеге барып жуынып-шайынып келді.

– Өстіп, әдепті де, әдемі бол! – деп, анасы қуанып қалды. Асан енді күнде шынығып, таза жүретін болды. Мамасы оны «аппағым» дейді. Ал ағайындары Асанды «аппақ бала» деп жүр.

Ә. Табылдиев



1. Әңгіме не туралы?

2. Асан қандай бала?

3. Асанның ұялуына не себеп?

4. Сен Асанға тағы да қандай кеңес берер едің?



1-тапсырма. Сурет бойынша өз пікіріңді айт.



Қосымшалар **жұрнақ** пен **жалғау** болып екіге бөлінеді.



2-тапсырма. Асты сызылған сөздерге мән беріңдер. Бұл сөздердің негізгі ұғымы қандай?

Дәрігер балалардың денсаулығы мықты болуын қадағалайды. Дәрігердің руқсатынсыз кез-келген дәріні ішпе.

67-сабақ. Өмір жасыңды ұзартқың келсе



Адам таза ауамен дем алады. Адам демінен шыққан ауа қайта жұтуға жарамайды.

Ал таза ауа қайдан келеді деп ойлайсыңдар? Таза ауа еш қайдан да келмейді. Айналамыздағы ағаштар жарамсыз ауаны жұтып, өзі үшін қажетті иісті ұстап қалып, онымен қоректенеді де, ауаны тазартады.

Үйлердің айналасында, көшеде, аулада, өсіп жапырақ жайып тұрған ағаш неғұрлым көп болса, ауа да соғұрлым таза болады.

Таза ауамен дем алған адамның дені сау, көңілі хош болып, ұзақ өмір сүреді, Сол себептен бабаларымыз: «Өмір жасыңды ұзартқың келсе, ағаш ек» деп өсиет айтқан.

Спандияр Ақеев



1. Мәтін не туралы?
2. Мәтіндегі негізгі ойды анықта?
3. Егер әрбір адам бір ағаш отырғызса табиғатта қандай өзгеріс болар еді?



1-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді тауып мақалды оқы.

Ағашты ... таниды,
Адамды ... таниды.

Ағашты жердің ... мол,
Бауырмалдың ... мол.

Қажетті сөздер: еңбегіңнен, жемісінен, тынысы, ырысы.

Сөздің түбіріне жалғанғанда оның мағынасын өзгертетін қосымшаларды **жұрнақ** дейміз. Жұрнақтың белгісі – 



2-тапсырма. Көркем жаз және асты сызылған сөздердегі жұрнақтың белгісін сыз.

Сушы қолына су алып, шөлдеген ағаштарға су құйды. Шөлдегенде сусын іш.

68-сабақ. Пайдалы таңғы шай

Таңғы шай



Ойынның қызығына сүңгіп кеткен Еркебұлан түннің ортасына дейін телефоннан көз алмай отырды. Таңда анасының «Тұр балам» деген сөзді де есітпей ұйықтап қалған Еркебұлан апыл-тапыл киінді де, таңғы шайды ішпей мектепке жүгіріп кетті. Анасының «ерте жатып, ерте тұр» деген сөзіне құлақ аспаған, үй жұмысында орындамаған, ол аздай қарны ашып мазасыздана бастады. Бірінші сабақ аяқталып, екінші сабақ дене шынықтыру сабағына да тәуір қатынаса алмады. Мұғалім: мұның себебі не?— деп сұрағанда Еркебұлан: «Телефонды көп ойнағанын және таңғы шайды ішпегенін», айтты.

— Мұның дұрыс емес, — деп мұғалім өз ақылын айтты. Еркебұлан өз қателігін мойындап, қатты ұялды.



1. Еркебұланнның мазасыздануына не себеп?
2. Таңғы шайдың адам денсаулығына қандай әсері бар?
3. Мұғалім Еркебұланға қандай ақыл айтты деп ойлайсың?
4. Сен Еркебұланнның орнында болғанда не істер едің?



1-тапсырма. Мақалдың жалғасын тап және өз пікіріңді айт.

Таңғы шайды

Ас тұрған жерде ауру

Дәнді шашпа, нанды

Қажетті сөздер: төкпе, ішпе, тастама, ойнама, тұрмайды, баспа.



2-тапсырма. Сөздерге **-шы, -ші, -лы, -лі, -ды, -ді** жұрнақтарының тиістісін жалғап жаз. Өзің қалаған екі-үш сөзге сөйлем құрастыр.

Ойын, оқу, шай, пайда, көңіл.



69-сабақ. Алтын, күміс – тас екен, арпа, бидай – ас екен

Баяғы бір заманда үш жолаушы алыс сапарға аттаныпты. Жолаушылардың екеуі алтын-күміс алыпты, ал үшінші жолаушы нан, талқан, азық-түлік және су алып жолға шығыпты. Өлігі екі жолаушы «алтын-күміс алмай, азық-түліктер ауырлық етпей ме», -деп күліпті.

Олардың келеке еткеніне қарамай жол жүре беріпті. Күндердің бір күні олар мидай шөл далаға келіп қалыпты. Екі жолаушының қарны ашып, үшінші жолаушыдан бір үзім нан беруін сұрап, орнына алтын мен күміс айырбастайық деп жалына бастайды. Үшінші жолаушы алтын мен күмісті бір тістеп, «бұларды

жеуге болмайды»— деп қайтарып беріпті. Екі жолаушылардың әбден мазасы қашып, жүруге шамасы келмей қалғанын көрген үшінші жолаушы оларды азық-түліктерімен бөлісіп шөл даладан аман-есен жұртына алып келген екен. Сонда екі жолаушы: «Алтын, күміс – тас екен, арпа, бидай – ас екен» деп айтқан екен.



1. Әңгіме не туралы?
2. Екі жолаушының қателігі неде деп ойлайсың?
3. Үшінші жолаушының ақылдылығы неде?
4. Әңгімеден қандай ғибрат алдың?



1-тапсырма. Әңгіменің мазмұнына сәйкес келетін мақалды айт.

Нан – тамақтың атасы.

Ынтымақ – көптің батасы.

Дастарқанның басында дұшпан да дос.

Тату үйдің тамағы тәтті.



2-тапсырма. Берілген сөздерге жұрнақтар қосып, түбір мен жұрнақтарды белгілермен көрсет.

Ас – аспаз

күй – . . .

Су – . . .

жылқы – . . .

Сурет –

бата –

70-сабақ. Дәм

Нан, сүт, ет – тағамдар,
Нағыз күш, тағам-нәр.
Жеміс пен көгөніс
Жегенге берер күш.
Ас– адамның арқауы,

Аспен күш артады.
Тағам іш жағымды,
Тазартар жаныңды.
Дертінді қуатты
Денеңнен қуады.



1-тапсырма. Не артық?



2-тапсырма. Кестені толықтырып жаз.

Жемістер:	алма, . . .
Көкөністер:	сәбіз, . . .

71-сабақ. Асқазан

Ас ішсең сіміріп,
Асқазан сіңіріп.
Жақсартып қаныңды,
Жаңартар жаныңды.
Асқазан жұмысын

Аяла! Бұл үшін
Ас ішсең, аптықпа,
Ал кейде «аш тұт та»,
Талға да бір сәтті,
Тазала «құрсақты».



1-тапсырма. Суретке зер сал өз ойыңды айт.
Бізге не үшін қажет?



Түбір сөзге жұрнақ қосылу арқылы жасалған сөзді
туынды сөз дейміз: асхана, тазалық, сусын.



2-тапсырма. Берілген сөздерге жұрнақ жалғау
арқылы туынды сөз құрастыр.
Ас, таза, су, сыпыр, ойын, біл.



72-сабақ. Түскі тамақ пен кешкі тамақ

Таңертең бала ешбір жұмыссыз үйінде отырды. Түскі тамақты ішетін уақытта шешесі етпен сорпа әкелді, бала сорпаны татып қарады да: «Бүгінгі сорпа дәмсіз екен», – деді.

Шешесі айтты: «Бұл дәмсіз болса кешке дәмді сорпа пісіріп беремін», – деді. Түскі тамақтан соң әкесі шөп тасыды. Баласы аттың басына мініп, шөптің төбесіне шығып, шаршап кешке үйіне келді. Кешкі тамаққа түстен қалған сорпаны, нанды дастарқанның үстіне қойды. Баласы сорпаны татып байқады да айтты: «Түстегі сорпадан мына сорпа дәмдірек», – екен.

Сонда шешесі айтты: «Бұл түстегі сорпаның қалғаны еді, саған бұл сорпаның дәмді болғаны – сен түстен кейін жұмыс қылып шаршадың. Таңертең ешбір жұмыссыз отырған соң, ас саған дәмсіз көрінді», – деді.



1. Әңгімедегі қатысушыларды ата?
2. Қалай ойлайсың, түскі сорпа дәмсіз еді ме?
3. Неліктен кешкі тамақ дәмді болды?



1-тапсырма. Тағам түрлеріне зер сал. Осы тағамдарды берілген нақыл сөздерге қарай топтастыр. Түсіндір.

1. Таңғы асты тастама.
2. Түскі тамақ – күшті тамақ.
3. Кешкі асқа қарама.





2-тапсырма. Мақалды көшіріп жаз. Жұрнақ арқылы жасалған сөздердің астын сыз.
 Бірлік қайда болса, Жалқаудың жаны тәтті,
 Ерлік сонда. Еңбектің наны тәтті



73-сабақ. Түскі тамақ

Тыңдаңызшы, апам айтар ақылды:
 Түскі тамақ – күшті тамақ татымды.
 Дәмді сорпа тәбетінді шақырар,
 Қуырдақ бар қасығыңды батырар.
 Салат та бар, пайдалы нәр бұл аса.
 Палау да бар, дәм татып көр, ұнаса.
 Қалауың не құс еті ме, балық па?
 Ішіп – жеп ал, қуат жина, жайраңда.
 Не сұрайсың: компот әлде айран ба?
 Ішіп – жеп ал, қуат жина, жайраңда.
 Түскі тамақ – күшті тамақ ұйымды.
 Ұмытпаймын мен осы бір ақылды.



1. Тағам мен сусындарды ата.
2. Қандай тағам түрлерін білесіңдер?
3. Өлеңнен негізгі ойды анықта.



- 1-тапсырма.** Жалғастыр.
- Тамақтану ережесі:
- Тамақтанарда алдымен қолыңды жу.
 - ...
 - ...
 - ...



2-тапсырма. Көп нүктенің орнына **-лық, -лік, -дық, -тық, -тік** жұрнақтардың тиістісін қойып сөйлемді көшіріп жазыңдар.

Біздің үйге түскі тамақ кезінде ағамның қаладағы достары келді. Ағам достарын таныстыра баста-

ды: мен – Ташкенттік, Ерлан – Самарқант..., Үсен – Үргенш..., Арман – Қарақалпақстан..., Сержан – Жиззах ..., – деп айта бастады.



74-сабақ. Әлемдегі ең пайдалы азықтар

Қысқы демалыс күні еді. Мен ауылдағы ата-әжемнің үйіне қонаққа барып, сонда үш-төрт күн қалдым.

Бір күні әжем Зеремен азық-түлік дүкеніне бардық, әжеме еркеленіп: «Әже мен өзіме қажетті азық-түлік алайыншы» – деп жалына бастадым. Әжемнің басын ауыртқаным да сол еді әжем: «Жарайды ботақаным қалауың болсын!» – деп разылық білдірді. Алайда анам маған шырындарды көп жеуге болмайды деп, аз ғана шырын берер еді.

Әрбір адам пайдалы азық-түліктерді дүкеннен сатып алатын. Мен сол күні әжем мен атама еркеленіп дүкеннен тек қана кәмпит пен шоколад сатып алып, тек шырындар жеп жүрдім. Демалыс аяқталып, қалаға қайттық. Күн өтіп тістерім мен ішім қатты ауырып қалды. Анам дәрігерге апарды. Дәрігер менің жағдайымды көріп: «Сен шектен тыс шырындар жеген екенсің, соның салдарынан тісің мен ішің ауырып тұр» – деп қорытынды жасады. Екі бетім қызарып анамның: «шырынды көп жеуге болмайды» – деген сөзіне амал етпегенім үшін қатты ұялдым. Жанымның қатты ауырғанынан бұдан былай әлемдегі ең пайдалы азық-түліктерді жеймін деп серт бердім.



1. Әңгімеге қатысушыларды ата?
2. Анасының айтқанын алмағаны үшін бала қандай күйге түсті?
3. Дәрігердің сөзінен кейін бала неге ұялды?
4. Бала өзіне қандай серт берді?



1-тапсырма: Жұмбақтың шешуін тап. Олардың пайдасы туралы айт.

Бұтақта ілініп тұрамын, Ашулы қонақ бұл анық,
Піскенде себетке құладым. Тонып шешсе, жыладық.
(...) (...)



2-тапсырма: Көркем жаз.

Біз қоректену үшін өмір сүрмейміз, өмір сүру үшін қоректенеміз.

Сократ



75-сабақ. Қиялдағы алмалар

Бір күні есек бақшада пісіп тұрған асқабақтарды көріп: «Мынаны қарашы пәлегі кішкентай бола тұрып үлкен асқабақ болып пісіп тұр. Табиғаттың мейірімін-ай», деп тамсаныпты. Сәл ғана жүріп бауға кіріпті, ағашта пісіп тұрған алмаларды көріп: «Мына алмалардың түрін қарашы, өзі үлкен ағашта пісіп тұрса да, кіп-кішкентай алмалар. Алмалар асқабақтай болып піссе қайтеді» – деп қиялдай тұрғаныда, сол ақ екен бір алма үзіліп, есектің басына түседі. Сонда есек: «Алмалар асқабақтай болғаныда менің басымды үзіп алар еді-ау! Табиғат не деген шеберсін» депті.



1. Әңгіме не туралы?
2. Есек нені қиялдады?
3. Есек қандай қорытындыға келді?



1-тапсырма. Суретке қарап, алманың ерекшелігін айт?

Дәмі	
Түрі	
Түсі	
Салмағы	
Дәрумендері	



Сөздің мағынасын өзгертпей түбірге жалғанатын қосымшаны **жалғау** дейміз. Жалғау сөз бен сөзді байланыстырады. Жалғаудың белгісі – □



2-тапсырма. Берілген сөздердің түбір мен жалғауын тауып белгіле.

Үлгі: тау□дай□

Алманы, ағашты, асқабақты, қиялда, бақта.



76-сабақ. Қарбыз

Жанып тұрса күн кейде,
Сап-сары боп гүлдей ме?
Содан кейін жатады
Домаланып күнгейде.
Қалықтайды құс қана
Жаз дегенің қысқа да.
Тілімдеп ап жеп жүрер
Қарбыз піссе қыста да.



Мекембай Омарұлы



1. Қарбыз қай мезгілде піседі?
2. Қарбыздың пайдасы неде?



1-тапсырма. Суретке зер сал. Жемістер мен көкөністерді өз тобына бөл.



2-тапсырма. «Қарбыз» өлеңінен түбір мен жалғауды тап және көркем жаз.

Үлгі: гүл□дей□

77-сабақ. «Кішміш» жүзім

Төріне өскен даланың
Қарамын, көкшіл қарамын.
Сүйсінтіп көзді тұратын
Қара да болса дарамын.
«Бәрінен ерте піс-піс!» деп,
Шымшықтар қонса «Кішміш!»деп
Даңғырлап қара шелегі,
Қориды бәрі: «Кіш-кіш!» деп.



Мекембай Омарұлы



1. Жүзімнің қандай түрлерін білесің?
2. Жүзім қай мезгілде піседі?
3. Жүзімнің адам ағзасына пайдасы қандай?



1-тапсырма. Ойтолғаныс

Дәмі	
Түрі	
Түсі	
Салмағы	
Дәрумендері	



2-тапсырма. Сөздерге тиісті жалғауларды қосып, сөйлем құрастыр.

Айгүл, іні, бау, бар.
Диқан, бау, жұмыс, істе.
Жаз, жүзім, мол, бол.



78-сабақ. Бір сөреде

Жүрегінді ән бөлеп, Өсірген болар аталар –
Мүмкін мұны мақтауың. Елдің сыйы шалдары.
Бір сөреде – әңгелек, Бір сөреде – алма бар,
Бір сөреде – ақ қауын. Бір сөреде – шабдалы.
Бір сөреде – тау алша,
Бір сөреде – гүл қандай!
Бәрі бүгін бау-бақша,
Парадында тұрғандай.


Мекембай Омарұлы



1-тапсырма. Суреттегі көкөністердің атын ата?



2-тапсырма. Суреттегі заттардың белгілерін: дәмін, көлемін, түсін, пішінін жаз. Өзің қалаған сурет бойынша сөйлем құрап жаз.



79-сабақ. Сусын ішу тәртібі

Бірақ су да алуан түрлі болады.
 Өте суық болса, ол су қауіпті,
 Лай су ішсең тағы бір дерт табасың.
 Жұмыстан шөлдеп келсең де, қарағым,
 Суық суды ішпесең сен жарадың.
 Теріңді бас бойды суыт азырақ,
 Ал содан соң жаның кетер жадырап.
 Терлеп келіп суық суды ішпе сен,
 Дерт табасың, мұндай халге түспе сен.
 Қатты терлеп шыққаннан соң моншадан,
 Су сімірме зиян болар ол саған.
 Міне осындай су ішудің бар мәні,
 Біздің сөзді есіңе алсаң болғаны.

Ибн-Сина

**1-тапсырма.** Ойтолғаныс.

Егер
лар еді?



бетінде



жоғалып кетсе не бо-

Түбір сөзге жұрнақ та, жалғау да жалғана береді. Жұрнақ бұрын, жалғау жұрнақтан соң жалғанады: талап -ты-дан, дәрі-гер-мін, тату-лық-қа.

**2-тапсырма.** «Су – тіршілік көзі» тақырыбында эссе жаз.**80-сабақ. Мен не үйрендім?****1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер:

1. Бактериялар не үшін қажет?
2. Микробтарды көруге арналған құрылғыны не деп атайды?
3. Әлемнің ұлы дәрігері кім?
4. Сөйлемді оқы: «Асан ойыннан асығып келді. Оның жүзі анардай қызарыпты. Мамасына тартқан танауы таңқиып, тершіп тұр». Үзінді қай мәтіннен алынғанын еске түсір?
5. Сөйлемді оқы: «– Мұның дұрыс емес, – деп мұғалім өз ақылын айтты. Еркебұлан өз қателігін мойындап, қатты ұялды». Үзінді қай мәтіннен алынған. Мәтінді мазмұндап бер?
6. «Түскі тамақ пен кешкі тамақ» әңгімесінің қатысушыларын ата. Әңгіменің мазмұнын еске түсір.
7. «Қиялдағы алмалар» әңгімесінде есек қандай қорытындыға келді?

**2-тапсырма.** Берілген сөздерге талдау жаса.

Алманы, айваны, тазалық, кітаптар, асханаға, тамақтанып, тамаққа, дәрумендер, ауылдастар.

Үлгі: $\widehat{\text{ас}}$ – $\widehat{\text{хана}}$ – $\boxed{\text{ға}}$

V ТАРАУ. МАМАНДЫҒЫМ– МАҚТАНЫШЫМ



81-сабақ. Еңбектің бәрі мамандық

Мамандық алғың келеме?
Мамандық өзі немене?
Айналаң толған мамандық,
Айналаң толған өнеге.

Тыңдайық, кәне, ойлайық,
Білімге терең бойлайық.
Оқыған маман шын маман.
Мамандық алмай қоймайық.

Үйренем десең жалықпа,
Мамандық сырын анықта.
Қолыңнан жұмыс келмесе,
Тиеме пайдаң халыққа?

Н.Айтмов



1. Өлең не туралы?
2. Сен қандай мамандық түрлерін білесің?
3. Неліктен маман иесі болу керек деп ойлайсың?



1-тапсырма. Берілген сурет бойынша кімге не керек?



Заттың атын білдіретін сөздерді **зат есім** дейміз.
Зат есімдерге кім? кімдер? не? нелер? деген сұрақ қойылады.



2-тапсырма. Кім? не? сұрақтарына жауап беретін сөздерді екі қатарға бөліп жаз.

Дәрігер, торғай, қасық, оқушы, оқытушы, құрылыс, машина, аспаз, биші, зейнеткер, кеме.

82-сабақ. Күн күлше



Сейіттің әжесі Күлән қырман басынан шыт орамалға түйіп, қос уыстай бидай әкелді. Қол диірменге салып, аппақ ұнға айналдырды. Ұннан қамыр иледі. Сейіт тандырға от жақты. Көп ұзамай тандырдан қып-қызыл күн күлше шыға келді.

Оттың табы кетпеген ып-ыстық күлшені Күлән әжей төртке бөлді. Әкесіне, апасына және Сейітке. Төртінші бөлігі – қырман күзетшісі Бегдауыл атайдікі.

Бірінші орақтың дәмінен күлше пісіру – Күлән әжейдің жыл сайынғы әдеті.



1. Мәтін не туралы?

2. Дастарқанға күлше қайдан келеді?

3. Күлән әжейдің күлшені төртке бөлуінде қандай хикмет жатыр?

4. Күлән әжейдің жыл сайынғы әдетін бүгінгі күнмен салыстыр?



1-тапсырма. Суретке қара. Нанның дастарқанға қалай келу жолын ретімен айт.



2-тапсырма. Өлеңді қатесіз көшіріп жаз. Зат есімнің астын сыз.

Анасы, баласы,
Дүкеннен нан алып,
Көңілді келеді,
Үйіне оралып.

Дән бірақ өспейді,
Дүкеннің төрінде.
Тек еңбек – ісі игі
Жеткізер өнімге.

Ә.Ахметов



83-сабақ. Кәсіптер иісі

Бақсаң, әрбір кәсіптің
Иісі ерекше, әр қилы.
Нан дүкенінен ашытқы,
Нанның иісі аңқиды.

Шофёрлардан аңқиды,
Жанармай сіңген шаң иісі.
Дәрігерден аңқиды,
Кермек иіс, дәрі иісі.

Аңқып жүрсе үнемі,
Жұмыскердің күллісі.
Ылғи босып жүреді,
Жұмыссыздың бір иісі.

Джанни Родари, Аударған А.Асылбеков



1. Өлең не туралы?
2. Өлеңде қайсы кәсіп иелері қатысқан?
3. Басқа кәсіп иелерін иісіне қарай қалай анықтауға болады?

Сөздікпен жұмыс:


Кермек – өсімдік атауы.

Шалғын – ұзын және қалың өскен шөп.



1-тапсырма. Суретке қара. Суреттегі мамандық иелері туралы айт.





2-тапсырма. Берілген диалогты толықтыр.

- Бұл не?
- Бұл көмір.
- Ол не үшін керек?
-
- Көмірді қайдан аламыз?
-
- Кім оны қазады?
-

84-сабақ. Мырза мен темірші



Ерте, ерте, ертеде бір Мырза болыпты. Ол өзі үлкен бай, үлкен жер қожасы екен. Күндердің күнінде теміршінің қасынан өтіп бара жатып, оның темірді әрі епті, әрі шапшаң пісіріп, ақысына шытырлатып ақшаны санап алып жатқанын көреді. Қатты қызығады. Темірші болғысы келеді.

«Мен егінімді егіп, оны өсіріп, пісіріп, орып, жинап, базарға сатып ақша алғанша көп заман өтеді, ал темірші балғасын тықылдатады да, теңгені санап ала қояды. Қой мен де темірші болам», – дейді.

Теміршілік дүкенін ашады. Қызметшісіне сен көрік басасың, мен балға соғамын, кәні бізге іс істеуші келе берсін деп күтіп тұрады.

Іздегенге сұраған жандарынан бір қарашаруа өте береді. Мырза шыдай алмай, қуанып келіп:

- Ей мұжық! Келмұнда, кел! Ол келеді.
- Ұстаға соқтыртатын бірдеңең жоқ па?

– Бар міне, Мырза рақмет етіп мына арбамның қималарын темірмен табандап беріңіз.

– Жарайды, қазір істеп береміз.

– Мырза, ал бұл жұмыстың ақысы қанша болар екен?

– Қорықпа, қымбат алмаймын, істеп берейін деп, Мырза жұмысқа кірісіп те кетті. Қызметші көрік басты. Мырза балғасын алып, темірді соға бастады. Бірақ, темірді балқытып созып баптауды білмейді. Олай істеді, бұлай істеді, темірді олай қыздырды, бұлай қыздырды, ақырында барлық темірді ертіп, ағызып бітірді де:

Келген адамның алдында қатты ұялды. Содан бері Мырза әрбір істі – өз шебері жасасын деп шешім қабылдапты.



1. Әңгімеде қай кәсіп иесі қатысқан?

2. Теміршінің негізгі құралы не?

3. Мырза неге ұялды?

4. Мырзаның «әрбір істі – өз шебері жасасын» деген хикметінде қандай сыр жатыр?



1-тапсырма. Суретке қара. Суретте берілген мамандық иелері өздеріне қажетті құралдарды дұрыс таңдап алған ба?



2-тапсырма. Сөздерді буынға бөліп жаз. Шофёр дәрігер, темірші, егінші, суретші, биші, инженер, сәулетші, құрлысшы, есепші, ұшқыш, тігінші.



85-сабақ. Ағаш ұстасы



– Алихан сен білесің бе мен бүгін ғаламтордан «Ағаш ұстасы» деген сөзді оқыдым. Бұл кім екен өзі?



– Күнделікті тіршілікте біз түрлі заттардан пайдаланамыз. Соның ішінде ағаштан жасалған заттарда бар. Ағаштан жасалған заттарды ағаш ұстасы жасайды?



– Ағаштан жасалған заттарды қандай құрал-саймандардан жасайды?



– Сызғыш, қалам, метр, бұрғы, балға, балта, тістеуік тағы басқалар.



– Ал ендеше ағаш ұстасының істеген еңбектерін айта кетсем.

Бесік, домбыра, ағаш қасық, стол-стул, парта, кітап сөресі т.б.



1-тапсырма. Сұрақ-жауап.

– Ағаш ұстасының құрал-саймандарына нелер жатады?

– Ағаштан жасалған заттарды айт?



2-тапсырма. Суретті диктант. Ағаш өңдеу кезіндегі қызметін жаз.



86-сабақ. Ұтымды жауап



Болашақ суретші бала бір күні: «13 жыл қой бақтым. Енді оқимын. Таяқ қуат болсада, мұрат емес», – деп Жаркентке жаяу кетеді.

Жаркентте байларға жалшы болып, аздаған ақша табады. Ол ақшасына қағаз, бояу сатып алады. Әбілхан жиырма бес жасқа келгенде оқу іздеп, Алматы қаласына жол алады. Оның небәрі екі сыныптық білімі болады. Атақты суретші Николай Гаврилович Хлудовка салған суреттерін көрсеткенде, ол баланың өнеріне қайран қалыпты. Сурет салуды қайдан және кім үйреткенін сұрағанда, Әбілхан Қастеев:

«Таудың бұлағынан,
Қойдың құлағынан,
Анамның киізінен,
Ешкінің мүйізінен», – деп жауап берген екен.

Әміртай Бөриев



1. Әңгімеде қай мамандық иелері жайлы айтылған?
2. Сурет салу қандай өнер түріне жатады?
3. Әбілхан Қастеевке сурет салуды қайдан және кім үйретті?

Адамға **кім?** жануарлар мен заттарға **не?** деген сұрақтар қойылады.



1-тапсырма. Оқыған мәтіннің мазмұнына сәйкес келетін мақалды айт.

1. Ақылды қария – ағып жатқан дария.
2. Талап таудан да асырар.
3. Біліктіден шыққан сөз – әдеп үлгісі.



2-тапсырма. Сұрақтардың орнына зат есімдерді тауып жаз.

(Кім?) ... отын жарады. (Кім?) . . . көйлек тікті.
Аспаннан (нелер?)... көрінеді. Орманда биік (нелер?)
. . . өседі.



87-сабақ. Зергер

Білесіңбе бұл істі?
Зергерлікке кім дайын?
Балқытып ап күмісті,
Сапырады судайын.
Осы жұмыс ырғағы,
Білезік пен алқаны,
Сақинаны сырғаны,
Күміс сымнан тартады.

Көрсең қайран боларсың,
Мақтанышы ол – бір елдің.
Күмістейді тағасын,
Таралығы мен жүгенін.
Демеңіздер бұл қалай,
Күмісті де иелеген....
Осы өнерді мұрадай
Зергерлерден үйренем!
Фарица. Оңғарсынова



1. Зергерлік қандай кәсіп?
2. Зергер жасайтын заттарды айт?
3. Қандай металдардан зергерлік заттар жасауға болады?

Сөздікпен жұмыс:

Тартады – жасайды
Таралығы – ат әбзелі.



1-тапсырма. Суреттерге зер сал және ортақ такырып тап.



2-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып көшіріп жаз.

Қазақ қыздары,,, таққан. Сырға
– тағатын зергерлік бұйым. Зергерлік бұйымдарды

.... және соққан. Білезікті екі – таққан. Сәнді бұйымдарды әшекейлеген.

Қажетті сөздер: оюмен, алтын, жүзік, сырға, күмістен, қолға, сақина, құлаққа.

88-сабақ.



Болат пен Юра құрылыс басына барды. Құрылыста адамдар көп екен. Құрылысшылар көп қабатты үй салып жатыр. Үйдің бірінші қабатында сылақшылар бригадасы жұмыс істеп жүр. Гүлсара мен Юля әпке құбырларды қою сырмен сырлады. Ал Марат аға кранда жұмыс істейді.




1. Мәтін не туралы?
2. Құрылысшы қандай кәсіп?
3. Мәтіндегі қарамен берілген сөздердің айтылуы мен жазылуын төмендегі кестемен салыстыр?

Есте сақта.

Сөзде **йу** естілгенімен жазуда олардың орнынан **ю** жазылады. Мысалы ою, аю.



1-тапсырма. Суретке қара балалар дене жаттығу кезінде қандай іс әрекет жасауда.





2-тапсырма. Суреттердегі тиісті сөзді орнына қойып өлеңді жаз.

- ... шаю керек.
- ... жаю керек.
- ... қию керек.
- ... кию керек.



89-сабақ. Кішкене бағбан



Садықтың әкесі – бағбан. Садық оған үнемі көмектесіп жүреді. Қар кетісімен әкесі мен баласы бақта тынбай еңбек етеді.

Бір күні Ерлан жүгіріп келіп:

– Кеттік, Садық, ойынға, – деді.

– Менің жұмысым көп, – деп жауап берді Садық оған.

– Жұмыс деген немене, оданда ойын қызық емеспе?!

Садық ойнағысы келсе де жұмысын жалғастыра берді.

Күзде келді. Бақта жеміс пен жидектердің сан алған түрі пісті.

Садықтың өзі де қарық болды, досына да барынша сыйлады. Ерлан тойып алып:

– Бәрін де түк қалдырмай жеп қоямыз, – деді.

– Қалады, – деп жауап берді Садық – «Әкем кім ойынға елікпей еңбек етсе, жер соны қарық қылады» деген.

М. Төрежанов



1. Мәтін не туралы?

2. Садық пен Ерланға мінездеме бер?

3. Садықтың әкесі айтқан сөзін талқылап көр?



1-тапсырма. Суретке қара. Сипаттау үшін өзің ұнатқан мамандық иесін таңда? Ол мамандық туралы өз ойыңды айт.



Зат есім жекеше, көпше түрде айтылады. Кім? Не? сұрақтарына жауап беретін сөздерді **зат есімнің жекеше түрі** дейміз: биші, аға, тау.

Кімдер? Нелер? сұрақтарына жауап беретін сөздерді **зат есімнің көпше түрі** дейміз: бишілер, таулар, ағалар.



2-тапсырма. Берілген сөздерді екі бағанға бөліп жаз.

Сызғыш, апа, жұлдыздар, өрік, сүретшілер, еңбек, дихандар.

90-сабақ. Ұшқыш



Серіктің ағасы – ұшқыш. Бірақ оның ұшағы шағын. Ол соны ойлап, қиялдап отыр. Ағасы үлкен ұшақты басқарса ғой! Күнде теледидардан көрсететін ұшақтар қандай керемет!

– Серік, сен не ойлап кеттің? – деді қасына келген ағасы.

– Аға сен неге үлкен ұшақпен ұшпайсың?

– Үлкен ұшақтармен ұшатын ұшқыштар көп. Мен сияқты шағын ұшақпен ұшып, халық шаруашылығына көмектесетін адамдар да керек, – деді ағасы.

«Балдырған» журналынан



1. Серіктің ағасының таңдаған мамандығы не?
2. Серіктің қиялындағы ұшақ жайлы айт?
3. Серіктің сұрағына ағасы қалай жауап қайтарды?
4. Серіктің ағасы қандай ұшақта ұшады деп ойлайсың?



1-тапсырма. Суретке қарап ұшақтың түрлерін айт.



2-тапсырма. Жұмбақтың шешуін тап және дәптерге көшіріп жаз.

Адам көтерген көк, ала шатыр,
Қалқып келе жатыр (...)



91-сабақ. Ғарышкерлер

Қазіргі кезде ғарышты игеру тез алға басуда. Азғана уақытта жер төңірегінде екі мыңға жуық жасанды серік ұшырылды.

Жердің жасанды серіктері халық шаруашылығында үлкен қызмет көрсетеді. Ғарыштан түсірілген суреттер ауа райын болжауға мүмкіндік береді.

Жасанды серіктер арқылы теле хабарлар беріледі. Алыс жерлермен радио, телефон байланыстары жүргізіледі.

Көптеген елдің ғарыш кемелері ғарыш алаңынан ұшырылып келеді. Ғарыш кемелерді басқаратын адамдарды біз ғарышкерлер дейміз.

«Дүниетану анықтамалығы» кітабынан



1. Мәтін не туралы?
2. Аспан әлеміне қанша жасанды серік ұшырылды?
3. Жердің жасанды серіктерінің қызметі не?
4. Ғарышкерлер есімін айт?



1-тапсырма. Ребусты шеш. Ол жұлдыз қалай аталады?

7



”ШЫ



2-тапсырма. Сурет бойынша мәтін құрап жаз.



92-сабақ. Мұғалім



Отанның ұланын
Баулыған мұғалім.

Өзіңсің ағытқан.

Білімнің бұлағын.

Кәусәрін білімнің

Құлшына сімірдім.

Ойыма жинадым,

Бойыма сіңірдім.

Мен – сенің көктемің,

Нұрыңмен көктедім.

Сол үшін өзіңе

Алғысым көп менің.



Д. Қанатбаев



1. Өлең не туралы?

2. Мұғалім мамандығының артықшылығы неде?

3. Неліктен мұғалімге алғыс айтамыз?



1-тапсырма. Жаңылтпаш.

Бұл мұғалім –

Елге мәлім мұғалім.

Өрі ғалым мұғалім.



2-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді тауып жаз.

Дүниедегі мамандық атаулының төресі-.... Асылы,
... барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып
үйрететін мейірімді абзал жандар.



93-сабақ. Мен дәрігер боламын

Мен дәрігер боламын
Ақ халатты киемін,
Аппақ болып жүремін.
Аппақ болып жүргенді,
Өзім жақсы сүйемін.
Дәрігермін мен деймін,
Кәрі әжемді емдеймін.
Көп-көп ішіп дәріні,
Кәрілікті жең деймін.



1. Дәрігер маманы қандай жұмыспен айналысады?
2. Жақсы дәрігер болу үшін не істеу керек деп ойлайсың?



1-тапсырма. Сөздерді тиісті сезім мүшесімен сәйкестендір.



күнде жуып жүремін.



иіс сезу мүшесі.



көру мүшесі.



үшкір нәрсемен шұқыма.



2-тапсырма. Төмендегі дәрігерлерді қалай атайды?

1. Тіс емдейтін дәрігер –
2. Көз емдейтін дәрігер –
3. Жануарларды емдейтін дәрігер –



94-сабақ. Кім біледі шипасын?

Мұңымды ұғар кім менің,
Не амал бар,
Білмедім?!
Соңғы кезде шыдатпай,
Тісім қақсап жүр менің.

Ұйқы қашып, қалғып құр,
Қиналғаны-ай, жанның бұл:
Өшім бардай тәттіде,
Құрғамайтын аузым бір.

Тіс жұлғызу . . .
Сескенем.
Бұрын бастан кешпеп ем:
Кім біледі шипасын?
Қайда барам айтыңдар?



1. Өлең не туралы?
2. Өлең жолдарында науқастың қай мүшесі ауырып тұр?
3. Өлеңдегі сұраулы сөйлемдерге жауап беріңдер?

Зат есімнің көпше түрі – **лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер** жалғауларының жалғануы арқылы жасалады. Бұл қосымшалар **көптік жалғау** деп аталады.



1-тапсырма. Диалог құрастыр.

– Тісінді күніне неше рет жуасың?

–

– Тіспен қатты затты шағуға бола ма?

–

– Тісті тазалау үшін қандай құралдардан пайдалану керек?

–



2-тапсырма. Сөздерге көптік жалғауларын қосып жаз.

Ұшқыш, дәрігер, оқытушы, сатушы, дихан, жазушы, темірші, тігінші.



95-сабақ. Жедел жәрдем

Шақырдың ба? Жетемін!
 Жедел жәрдем етемін
 Күн жауын боп тұрса да,
 Қарлы боран ұрса да
 «Жедел жәрдем» дегенің
 Аямайды көмегін.
 Бала ауырса мектепте
 Асығам тез жетпекке.
 Жүйткіп барам мен деймін,
 Барлық дерттен емдеймін.
 «Жедел жәрдем» келеді,
 Ауруды ол жеңеді!
 Дәрігерден қашпасаң,
 Көңілді, саусың әрқашан!

Е. Елубаев



1. Өлең не туралы?
2. Жедел жәрдем дегеніміз не?
3. Ауа райы «жедел жәрдемге» әсер ете ме?



1-тапсырма. Суреттегі қателікті тап. Суретте қай мамандық иелері болуы керек еді? Өз ойыңды айт.



2-тапсырма. Мұғалімнің көмегімен сөйлемді жалғастыр.

101 – ...

103 – ...

102 – ...

104 – ...



96-сабақ. Фармацевт

Аяжанның апасы дәріханада жұмыс істейді. Ол ауырған адамдарға дәрі дайындайды. Ол – фармацевт.

Аяжан апасының дәріханасына жиі барады. Ол жер оған өте ұнайды. Тап-таза, барлығы өз орнында. Дәрілердің көптігі соншама, адам таңғалады. Апасының үстінде аппақ халат, басында ақ қалпақ. Тып-тыныш. Бұл жерде шулауға, қатты сөйлеуге болмайды. Аяжанға апасының жұмысы қатты ұнайды. Ол: «Мен үлкейгенде, апам сияқты дәрі сатамын», – деп армандайды, бірақ кейде мұғалім де болғысы

келеді. Ал ұшып бара жатқан ұшақты көргенде, ұшқыш та болғысы келеді. Мамандықты таңдау оңай іс емес екен. Қатты ойланған, толғанған Аяжан әкесінен ақыл сұрайды:

– Әке, әкетай! Айтшы, мен кім болайын?

– Мамандықтың бәрі жақсы. Өскен соң өзің таңдап аларсың, – деді күлімдеген әкесі.

Б. Соқпақбаев



1. Фармацевт қандай мамандық?

2. Мәтінде қайсы маман иелері қатысқан?

3. Мамандық таңдауда сен кімнен ақыл сұрайсың?



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер. Дәріхана бұл –
Фармацевт бұл –



2-тапсырма. Суретке қарап сөйлем құрастыр.

Үлгі:

Мынау дәрігер.

Ол емханада жұмыс істейді.





97-сабақ. Құрлысшылар

Менің ағам – құрлысшы. Ол ауылдағы жаңа үйлер салуға ат салысады. Аулымыз үйлері көркем әрі ықшам, заманалық талаптарға жауап береді. Мен отбасыммен жаңа үйге көштік. Атамның жас 95 те, атам бұл үйлерді көріп көзіне жас алды. Бұл қуаныш көз жастары еді. Атам жаңа үйге кірер екен:

«Отанымыздың тыныштығы мәңгі жасасын!

Заманымыз тыныш болсын!

Елбасымыз аман болсын!

Перзенттеріміз өнерлі болсын! – деп өз батасын берді.

Мұны естіген құрлысшы ағам: «Ата біз енді бұдан да биік үйлер саламыз, халқымызға зәулім үйлер салып береміз!» – деп уәде берді.



1. Құрылысшы дегенде кімдерді түсінесің?
2. Атасы неге көз жас төкті?
3. Ағасы атасына берген уәдесіне берік болды ма?



1-тапсырма. Бір үйді құрып біткеніңше қандай маман иелері еңбек етеді?

инженер

есепші

мұғалім

құрылысшы

дәрігер

сатушы

сыбақшы

архитектор



2-тапсырма. Сурет негізінде «Менің ауылым» атты шағын әңгіме жаз.



98-сабақ. Көйлекті маған кім береді?



Менің інім мүлде мазасыз. Сұрамайтыны жоқ оның. Бір күні көйлек сатып әкеп беріп едім, ол:

- Бұл көйлекті маған кім берді?
- Кім берсін. Дүкеннен алдым.
- Дүкенге қайдан келген?
- Қоймадан келген.
- Қоймаға қайдан келген?
- Тігін фабрикасынан.
- Тігін фабрикасына қайдан келген?
- Мата тоқитын фабрикадан.
- Мата неден тоқылады?
- Мақтадан.
- Мақтаны неден тереді?
- Қозадан.
- Қоза қайдан шығады?
- Қоза шиттен пайда болады. Көктемде күн жылы-

нып, жер қызыған соң, трактормен жер жыртылып, шит егіледі. Шит өседі, гүлдейді, көсек пайда болады. Сол көсектен мақта алынады.

- Қысты күні шит егуге бола ма?
- Жоқ болмайды. Мақта жазда, күн ыстықта ғана өседі. Оны мақташылар теріп, өткізеді.
- Е, онда маған көйлекті мақташылар берген екен ғой, – деді ол.

Қ. Әжікеев



1. Бір көйлекті тігу үшін неше түрлі кәсіп иелері еңбек ету керек?
2. Көйлек тігін фабрикасына қайдан келгенін түсіндір?
3. Көйлекті қалай кию керек?



1-тапсырма. Суреттен өзіңе ұнайтын киім үлгілерін таңда және оның себебін түсіндір.



2-тапсырма. Сөйлемді аяқтап жаз.

Күнде кешкісін киімдерімді Мектеп формасын...
Өзімнің аяқ киімімді



99-сабақ. Кім немен ойнайды?

Теңізші болатын бала
 Бұлақпен ойнайды.
 Емші болатын бала
 Сынаппен ойнайды.
 Батыр болатын бала
 Қынаппен ойнайды.
 Жарықты жағатын бала
 Шырақпен ойнайды.
 Шопан болатын бала
 Қозы, лақпен ойнайды.
 Диқан болатын бала
 Топырақпен ойнайды.
 Ғалым болатын бала
 Кітаппен ойнайды.

Мәриям Хакімжанова



1. Өлең не туралы?
2. Өлеңде қандай мамандық иелері туралы айтылған?



1-тапсырма. Ойтолғаныс. «Мен кім боламын?» тақырыбында өз ойыңды айт.



2-тапсырма. Жалғыстыр.

Емші болатын бала ...
 Батыр болатын бала ...
 Шопан болатын бала ...
 Диқан болатын бала ...



100-сабақ. Мен таңдайтын мамандық

Мен суретші боламын,
Бәріңді де саламын.
Марапатқа ие болып,
Бірінші орын аламын.

Ал мен ақын боламын,
Өлеңдерді жазамын.
Ақындыққа ие болып,
Бәрінен озып шығамын.

Мен дәрігер боламын,
Бәрін емдеп жазамын.
Адамдарды құрметтеп,
Бәріне ие боламын.

Нан беретін баршаға
Жер маманы болам мен.
Барып жүрмін бақшаға
Агроном ағаммен.

Тұманбай Молдағалиев



1. Өлең не туралы?
2. Өлеңде қайсы маман иелері қатысқан?
3. Өлеңнен сен қайсы маман иесін таңдайсын?



1-тапсырма. Сұраулы сөйлемнен пайдаланып мамандық туралы диалогты жалғастыр.

- Сәлем, Нұрислам.
- Сәлем, Айдана.
- Нұрислам, сен болашақта қандай мамандық иесі болғың келеді?
-



2-тапсырма. Берілген әріптерден сөз құрастыр және артық әріпті тап.

Д Р Ә І Е Р Г Ұ	
С А Р Ы Ш Р Е К Ғ	
Т Р А О М Г А Н	
А І Ш Е П С Е	
З М Ғ А Л Ы	



101-сабақ. Киіз үй

Киіз үй – тарихимыздағы алғашқы сәулеттік құрылыс. Көшіп-қонуға ыңғайлы. Киіз үйдің жалпы салмағы жиһаздарымен қосқанда 300-400 келіге жуық.

Кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық – киіз үйдің негізгі бөлшектері. Кереге киіз үйдің негізгі қаңқасы болып есептеледі. Ол талдан, қайыңнан жасалады.




1. Ата-бабаларымыз неліктен киіз үйден пайдаланған?
2. Киіз үйдің негізгі бөлшектеріне нелер жатады?
3. Кереге неден жасалады?



1-тапсырма. Сөзжұмбақтағы жасырынған сөзді тап.


1. . . . ортақ, ай ортақ.
Жақсы – ортақ.
2. Жақсылардың – ...
Жанып тұрған шамдай.
3. Ырыс алды – . . .
4. Әдепті . . . – арлы бала.
5. Еріншектің . . . бітпес
6. сомың болғанша,
Жүз досың болсын



Заттың түрін, түсін, сапасын білдіретін сөздерді **сын есім** дейміз. Сын есімдерге қандай? қай? деген сұрақтар қойылады.



2-тапсырма. Берілген суреттер мен тірек сөздерді пайдаланып, Өзбекстандағы танымал ғимараттар туралы мәтін құрап жаз. Сын есімдердің астын сыз.



Тірек сөздер: сәулетті, зәулім, көрікті, көз тартады, сәулет өнері, т.б.

102-сабақ. Мен не үйрендім?



1-тапсырма. Адамдар мына көліктердің қайсысын қай жануарға қарап ойлап шығарды?





2-тапсырма. Жұмбақтардың шешуін тап. Оның біреуіне сипаттама бер.

Жасыл желек көгалда,
Бірде артқа,
Бірде алға,
Желаяқ көп бала
Таласып жүр бір допқа. (.....)

Жолының көп азабы,
Сондадағы тынбайды,
Жаңалықтар жазады,
Көпшілікті тыңдайды. (.....)



3-тапсырма. Дұрыс жауапты жаз.



жүзеді



жүреді



ұшады

O'quv nashri

N. Abduvalitov, M. Bayturayeva, B. Djuldibekova

ONA TILI VA O'QISH SAVODXONLIGI

1-qism

*Umumiy o'rta ta'lim maktablarining
2-sin i uchun darslik*

(Qozoq tilida)

Суретші Ферузбек Матякубов
Редактор Айдын Тәжібаева
Көркөмдеуші редактор Сарвар Фармонов
Техникалық редактор Акмал Сулаймонов
Дизайнер Иҳволиддин Салоҳутдинов
Компьютерде беттеген Шахобиддин Махмадиев

Басуға 30. 08. 2021 жылда рұқсат етілді.
Пішімі 60×84¹/₈. Гарнитурасы «Arial». Кеглі 16.
Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 13,95.
Есептік баспа табағы 7,51. Таралымы _____.
Тапсырыс № ____.

Bosmaxona manzili

Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау мөлшері негізінде толтырады.

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай.
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған.
Нашар	Мұқаба былғанаған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.